Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№164-165 (20040-20041)

31 қазан, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

МАРАПАТ — РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
2 Жомарт жүректі жандарға құрмет

ТАРИХ
4 Қызылқұм хикаясы

ҚҰЖАТ
6–7 Бюджет

ӨНЕР
8 Адамзат теңдігін арқау еткен

ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Республикасының Президенті: Қазақстандықтарды карантин шараларын сақтауға шақырамын

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды карантин шараларын сақтауға шақырды.

«Көптеген шет елдердегі коронавирус індетінің таралу жағдайы алаңдатарлық. Барлық жерде қатаң шаралар, оның ішінде, локдаун тәртібі қайта қабылданып жатыр. Қазақстандықтарды Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынымдарын ұстанып, карантин шараларын сақтауға шақырамын. Үкімет бизнес пен экономиканың мүдделерін негізге ала отырып жұмыс істейді. Пандемияның бірінші толқынымен күрес тәжірибесі ескерілді. Әкімдерге эпидемиологиялық жағдайға орай шешім қабылдауды тапсырамын. Бірақ бар мәселе азаматтардың өзіне тікелей байланысты» деп жазды Мемлекет басшысы Twitter-де.

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС ІЛГЕРІЛЕЙ БЕРЕДІ

Солтүстік экономикалық ынтымақтастық жөніндегі халықаралық форумы өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік экономикалық ынтымақтастық – 2020 Халықаралық форумында бейнеүндеу жасады. «COVID-19-дан кейінгі жаһандық өзгерістер және солтүстік экономикалық ынтымақтастықтың келешегі» тақырыбындағы шара кеше Сеул қаласында басталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Ин бастамашы болған және соңғы үш жылдың ішінде өзінің өзектілігі мен өміршеңдігін дәлелдеген «Жаңа Солтүстік саясат» стратегиясын жоғары бағалап, Оңтүстік Корея басшысының өркендеген, өзара байланысы мығым және тұрақты Еуразия құру көреген идеясын құптады.

Қазақстан Президентінің пікірінше, қазіргідей әлем коронавирус пандемиясының теңдессіз тегеуріндеріне тап болған кезде саяси жігер мен экономикалық сана синергиясы ерекше мәнге ие.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Оңтүстік Корея арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың ортақ құндылықтарға, өзара қолдау мен тығыз байланыстарға негізделгенін айта келе, елімізде өмір сүріп жатқан, достықтың «алтын көпірі» саналатын жүз мың корей қауымдастығының екі ел арасындағы қарым-қатынасқа қосқан үлесін атап өтті.

– Кореяның Қазақстан экономикасына жасаған инвестициясы 7 миллиард доллардан асты. Жаһандық тұрақсыздыққа қарамастан, екіжақты тауар айналымы артты. Орталық Азияның барлық бес елінің ортақ жалпы ішкі өнімнің 70 проценті Қазақстанның үлесіне тиесілі. Корей мемлекеті жетекші инвесторлардың арасындағы 10-орынға ие. Бұл ретте, өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі жалғастырудың әлі де пайдаланылмаған үлкен әлеуеті бар, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті 2019 жылдың сәуір айында Мун Чжэ Иннің елімізге жасаған тарихи сапары екіжақты өзара іс-қимылдың жаңа белесін ашты деп санайды. Сапар аясында қол қойылған «Самал жол» бағдарламасы қазақ-корей экономикалық, сауда және мәдени жан-жақты байланыстарды жандандыруға бағытталған.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев «Самал жол» бағдарламасы мен «Жаңа Солтүстік саясат» стратегиясы «Цифрлы Қазақстан», «Нұрлы жол» секілді ұлттық бағдарламаларда белгіленген стратегиялық міндеттерге сәйкес келетінін айтты.

Мемлекет басшысы әлемдегі ұзаққа созылған мұнай дәуірінің аяқталып келе жатқанын айтып, Қазақстан үшін әртараптандырылған және тұрақты экономика құрудың ерекше маңызды екенін атап өтті.

– Осыған байланысты мен Жаңа экономикалық бағыттың бастамашысы болдым. Бұл бағыт құрылымдық реформалармен ғана емес, сондай-ақ барынша қарқынды әрі мықты мемлекет құрумен байланысты. Қазақстан корей инвесторлары үшін арнайы дайындалған құралдарды ұсынуға әзір. Бұл ретте, салық және кеден артықшылықтары, жобаларды қоса қаржыландыру, экспортты қолдаудың ішінара кепілдіктері мен тетіктерін айтуға болады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ағылшын құқығы бойынша қызмет көрсететін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін де сөз етті. Президент бұл орталықтың шетелдік бизнеске арналған экожүйесінің бірегейлігін ерекше атап өтті.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына жұмыстың табысты, ал Оңтүстік Корея Президенті мен Үкіметінің игі бастамаларының сәтті болуына тілектестік білдірді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БАЛЫҚТЫ ӨСІРУ ДЕ, ӨҢДЕУ ДЕ МАҢЫЗДЫ

Сыр өңірі тек ақ күріштің ғана емес, су маржаны – балықтың да отаны. Деректерде Кеңес үкіметінің тұсында бір ғана Аралдың өзі вагон-вагон балығымен аштыққа ұшыраған елді асырағаны айтылады. Десе де, соңғы кездері балық өңдеу көлемі ұлғайғанымен, өсіру көрсеткіші өзекті мәселе болып тұр. Оған қоса "Қамыстыбас" балық питомнигіне жөндеу қажет. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен өткен жиында бұл мәселелердің бірден-бір шешімі ретінде балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасының жай-жапсары талқыланды.

Sb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

– Бұл бағдарлама арқылы облыста балық аулау көлемін 20 есеге арттыру, Аралдың солтүстік бөлігін сақтау мәселесін шешуге болады. Өңірдегі 207 көлдің 95-інде тауарлы балық өсіру мүмкіндігі бар. Қолда бар мүмкіндіктерді қарастыра отырып, балық зауыттарының жұмысын жүйелеу керек. Қазір балық өнімдерін өңдеумен және экспортпен айналысатын 9 зауыт бар. Олардың жылдық қуаты – 12,5 мың тонна. Өзбекстан 200 мың тонна балық өсіреді. Бұл көрсеткішке зер салу керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында осы мәселеге баса мән берді, – деді облыс әкімі.

2-бет

БАЙҚОҢЫРДА МАМАН ДА, ДӘРІ ДЕ ЖЕТКІЛІКТІ

Өткен жылы Байқоңырда көпсалалы аурухана жұмысын бастап, қазақстандық азаматтарды емдеуді қолға алды. Ол облыстық көпбейінді аурухананың филиалы ретінде тіркелген. Осылайша Байқоңыр қаласы мен оған іргелес жатқан Төретам, Ақай елді мекендері тұрғындарын емдеу мәселесі шешілді. Мұнда барлығы 43800 адамға қызмет көрсетіледі. Дәрігерлер жергілікті тұрғындарға емхана қызметі, хирургиялық, емханалық-диагностикалық, гинекологиялық және терапевттік қызмет түрлерін ұсынып отыр.

Sb Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

Бүгінде ауруханада 480 адам еңбек етсе, олардың 80-ін жоғары білімді дәрігер, 280-ін орта медицина маманы құрайды. Қалғаны – кіші медицина мамандары және әкімшілік жұмысшылары.

Аурухананың бас дәрігері Жандос Әділхан емдеу орнын медицина мамандарымен қамтамасыз ету үшін тиісті іс-шаралар қолға алынып жатқанын жеткізді. Мамандарды жұмысқа тарту мақсатында қажетті қолдау көрсетіліп, оларға жағдай жасалады.

– Кейбір азаматтар тарапынан мұнда мамандар жетіспейді, жергілікті дәріханалар қазақстандық аурухана тарапынан берілген рецепт бойынша дәрілерді босатпайды деген негізсіз әңгімелер айтып жүр. Бұл шындыққа жанаспайды. Биылдың өзінде ауруханаға 12 дәрігер қызметке келді. Олардың арасында бізге өте қажетті отоларинголог, окулист, дерматолог, гастроэнтеролог және жалпы тәжірибелік төрт дәрігер бар. Ендігі кезекте кардиолог дәрігер келеді деп күтіп отырмыз, бүгінде тиісті құжаттары дайындалу үстінде. Бұл азамат ресейлік емдеу орындарында қызмет атқарған. Дипломы мен дәрігерлік сертификаты ресейлік үлгіде жасалған. Сондықтан ол құжаттарды қазақстандық талаптарға сәйкестендіруге мән беріліп отыр. Жақын уақытта балалар психиатры келеді, оны Алматыдан шақырып отырмыз. Оған қоса ультрадыбыстық диагностика жасай алатын дәрігер де қызметке тартылмақ. Осылайша емдеу орны тиісті мамандармен толығып келеді, – деді бас дәрігер журналистерге берген сұхбатында.

2-бет.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«ДАМУ» ДЕМЕГЕН ЖОБАЛАР

Пандемияға қарамастан, Сыр елінде бизнесті жаңа бағытта жүргізген кәсіпкерлер бар. Күрделі мезетте олар қиындықтан шығудың жолын қарастырды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры ұйымдастырған баспасөз турында үш өндіріс орнының жұмысымен таныстық. Үшеуі де – «Дамудың» қолдауымен қанат жайған кәсіпорын.

Айта кету керек, бизнесті жеңілдікпен кредиттеу мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры облыс кәсіпкерлеріне процеттік мөлшерлемені субсидиялау түрінде қаржылай қолдау көрсетті.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

«DALATEX» БРЕНДКЕ АЙНАЛА БАСТАДЫ

«Dalatex»-тің атын естімеген қызылордалық бүгінде жоқ шығар. Себебі, алғашында ерлер жейдесін шығарумен белгілі болған компания елімізден бөлек, сырт мемлекеттерге де өнім жіберді. Ал, пандемия басталған уақытта сұраныстың көптігінен тапшылығы сезілген масканы дайындауға бірден кірісті. Дереу саудаға шығарды, көмек түрінде берілгені қаншама?!

5-бет

САПАР

АЛТЫН ДӘННЕН ТАУ ТҰРҒЫЗҒАН ЖАЛАҒАШ

Апта басында тілшілік сапармен Сыр өңірінің құт қонған өлкесінің бірі, алтын дәннен тау тұрғызған биылғы чемпион – Жалағаш ауданына аттанғанбыз. Бұл аймақ облыстағы Сыр маржанының үштен бір бөлігін өндіретін ынтымағы артқан, ырысы тасыған аудан ретінде де жұртшылыққа белгілі. Аудан әкімі Асылбек Шәменовке жолығып, елдің тыныс-тіршілігіне қанықтық. Кент орталығы мен елді мекендерде істелген нәтижелі жұмыстарға куә болдық.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2021

ҚАПЫ ҚАЛМА, ОҚЫРМАН!

Құрметті оқырман!
2021 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүргізілуде

Әңгімені әріден қозғайық. Бұл басылымда елу жылдан астам еңбек еткенім, алдыңғы буын ағалармен, тоғыз редактормен қызметтес болғаным күні кешегідей көз алдымда. Уақыт қандай жүйрік, есікті ашып-жапқандай. Қатарларымыз жылма-жыл сиреп барады. Бәрі – заңдылық.

Басылымның тарихы әріде жатыр. Сырын сыртқа алдырмайтын редактор Нұрділдә Уәлиев Мәскеу, Ленинград архивтеріне барып, «Ленин жолы» 1929 жылдың шілдесінен шыға бастағанын дәлелдеп, диссертациялық еңбегін қорғады. Ізденімпаз аға сонымен басылымның өмірін ұзартты. Тоқсан жылдық мерекені өткізу, көру біздің пешенемізге жазылды.

Әлі есімде, сұрапыл соғыстан оралған ағалар бір кездері өзінің еңбек еткен ұясына оралды. Бір жамбасындағы жау оғын алдырмай жанкешті еңбек еткен Құрманғали Ажаров, айып батальонында командир болған Досмағанбет Тасекеев, майор Әбсадық Жанзақов және тұтқында болған, «Ажал тырнағында» атты повестті жазған Бөлебай Әлменовтердің өмірі жырдастан, талай тоқтағанбыз, тамсанғанбыз. Алты ай бойы Қарағанды госпиталінде болып, туған жерге балдақпен оралған жауынгер А.Нұрекеевтің дәрігерлер екі бірдей аяғын кесуге бел буған. Бірақ, әскери дәрігер Икрам Ыдырысов «аяғыңды кеспейміз, осы аяқпен ұзақ өмір сүресің» деп емдеген. Міне, сол аға қос балдақпен 75 жылдай өмір сүрді, еңбек етті.

8-бет.

БАЛЫҚТЫ ӨСІРУ ДЕ, ӨҢДЕУ ДЕ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде өңірде балықтың 18 түрі ауланады. Соңғы 5 жылда ауланған 40 мың тонна балықтың 82 проценті Кіші Арал теңізінің үлесінде. Республика бойынша бұл бағыттағы өңірлік бағдарламаны бірінші болып біздің аймақ дайындап отыр. Өзектілігі де бар. Балық аулау қуатынан өңдеу қуатымыз екі есе артып кеткен. Демек, бізде өсіруді күн ұзартпай қолға алу мәселесі тұр.

– Балық өсіру 3 жыл ішінде 9 процентке артты. Бірақ өсу көлемі өте төмен деңгейде. Былтыр небәрі 144 тонна балық өсірілген. Балық қорын сақтау және оларды жасанды жолмен молайту мақсатында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Қамыстыбас балық питомнигінде жылына 15 млн балық өсіріледі. Олар маңызы жоғары көлдер мен Кіші Аралға жіберіледі. Бірақ, Қамыстыбас балық питомнигін күрделі жөндеуден өткізіп, тоғандық учаскелерін қалпына келтіру, техникаларын жаңарту керек, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов.

Айта кету керек, қыркүйек айында балық шаруашылығындағы 14 кәсіпкер сала басшыларымен бірге Түркістан облысының Түлкібас, Сайрам, Сарыағаш, Келес аудандары мен Шардара қаласында тауарлы балық өсіру жұмыстарымен танысып, тәжірибе алмасып қайтты. Сыр өңірі суды үнемді пайдалану мәселесі туындаған соң күріш егуді де азайтып жатқаны аян. Осы жерде көлдерді сумен тұрақты қамтамасыз ету мәселесі қылаң береді. Балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасында да бұл түйткілді тарқату жолы қарастырылған.

– Арнайы құрылған жұмыс тобы облыс аумағындағы тауарлы балық өсіруге бейімделген 95 көлдің қазіргі жай-күйін, оларға инфрақұрылым жүргізу мүмкіндігін зерттеді. Нәтижесінде шарбақтық шаруа қожалығын және тоған шаруашылығын жүргізу, инкубациялық цех орнату, инфрақұрылым жүргізу бойынша қажет ететін 55 көлді тұрақты сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі анықталды. Қыс мезгілінде аймақтағы су қоймаларын толтырып алу арқылы көктем, жаз мезгілдерінде егіспен қатар көлдерді де тұрақты сумен қамтамасыз етуге болады, – деді Б.Шәменов.

Шаруашылықтардың қажетті жабдықтарды сатып алуына жеңілдіктер жетерлік. Мәселен, «Байқоңыр» ӘКК арқылы 422 млн теңгеге 5 инвестициялық жоба іске қосылған. Биылға 247 млн теңгенің екі жобасы жоспарда тұр. Бұдан бөлек, мемлекеттік субсидиялау да жүзеге асырылуда. Балық өсіру кезінде пайдаланылатын азықты сатып алуға жұмсалатын шығындардың 30 процентін өтеу және ауданы 50 гектардан кем емес көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығы үшін жабдықтар мен техниканы сатып алуға жұмсалған шығындардың 25 процентін субсидиялау жолға қойылған. Алдағы уақытта 50 процентке дейін аквaөсіру субъектілері үшін балық өсірудің биологиялық негіздемесі әзірленеді. Балық өсіру материалын, дәрілік препараттарды сатып алу, бағалы балық түрлерінің толықтырушы аналық табынын сатып алу және күтіп ұстау кезіндегі, сондай-ақ, балық өсіру шаруашылықтарын құруға инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды өтеуге арналған субсидиялар кеңейтілмек. Бағдарламаны іске асыру үшін 30,6 млрд теңге қаржы қарастыру жоспарланып отыр. Соның ішінде «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына алдағы жылы облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінбек.

– Бізде қазір лизинг арқылы жобаларды қаржыландыру жүргізілуде. Қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға лизинг арқылы 3 процентпен 5 жылға дейін мүмкіндік бар. Оның үстіне, бастапқы 6 айды кейінге шегеруді де ұсынып отырмыз. «Егістен сөреге дейін» қағидасымен тірі балық сату жобасы бар. Мұндай кәсіпкерлер үшін халықтың көп шоғырланған аумақтары тиімді, – дейді «Байқоңыр» ӘКК басқарма төрағасы Ерлан Нұрланбаев.

Саладағы өзекті мәселелердің бірі – маман тапшылығы. Технолог, ихтиолог тәрізді маманды шаммен іздеп таппайсыз. Ал мұндай мамандыққа баулитын оқу орындары республика бойынша бірнешеу ғана. Аймақ басшысы бұл мәселені шешуді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымоваға тапсырды. Өңір ғалымдарының да бұл мәселеге орай айтары бар.

– Бизнес құрылымдар ғылыммен бірлесе жұмыс атқарса, алар асуымыз мол болмақ. Бұл тәжірибеде бар. Су ойдағыдай болса, біз айтып отырған 2030 жылға дейін балық экспортын 2 есеге арттыруға да, тауарлы балық өндіру көлемін 34 есеге өсіруге де қол жеткізе аламыз. Бүгінде балық ассортиментін кеңейтуді қолға алдық. Қаяз бен көксеркені көптеп өсірсек деп отырмыз. 2030 жылға қарай өңірде балық жан басына шаққанда 14 келіден келеді. Ал маман тапшылығына келсек, Алматыда, Астанада және Батыс Қазақстан облысында сала мамандарын даярлайтын оқу орындары бар. Дегенмен, балық өндірісі қолға алынған өңір болған соң, өзімізден де оқытуға болар еді. Бір жақсысы, балаларды өндіріске апарып практика жүзінде де баулыр едік, – дейді «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Арал филиалының директоры Тыныс-бек Барақбаев.

Жиынға қатысқан кәсіпкерлер бұл бағдарламаның жыл сайын есебі тыңдалып, нәтижемізді талқыласақ деген ұсыныстар айтты. Сонымен қатар, бағдарлама кең өріс алса, 500-ден аса жаңа жұмыс орны ашылмақ. Ал 45 көлге электр желісі тартылса, 49 дана гидротехникалық қондырғылар орнатылады.

Жиын соңында облыс әкімі өңірлік бағдарламаны бекіту туралы қаулы әзірлеп, ұсынуды тапсырды. Саладағы мәселелерді шешу де бақылауда болатынын ескертті.

Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

1-бет

ЖОМАРТ ЖҮРЕКТІ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

Ел дегенде елгезектік танытып, жұрт десе жанын салатын азаматтар бар арамызда. Төтеннен келіп, әбігерге салған пандемия уақытында қолы ашық, жүрегі жомарт жандар елге демеу болды. Кеше облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет облыстық «Жомарт жүрек» сыйлығы лауреаттарын марапаттап, қоғамға қамқор азаматтарға құрмет көрсетілді.

Sb Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан бастау алған «Жомарт жүрек» сыйлығы жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Биыл шара күрделі уақытта халыққа көмек көрсетуде алдыңғы лектен табылған азаматтарды марапаттауымен ерекшеленді.

Облыс әкімінің орынбасары эпидемиялық ахуал салдарымен күресуде тек қана мемлекеттік органдар емес, волонтерлар, демеуші азаматтар, азаматтық қоғам белсенділері жұдырықтай жұмылып, ауқымды жұмыс атқарғанын атап өтті.

– Пандемия сын сағатта сыналған тұсымызда береке мен бірлік, бір-бірімізге қолдау қажет екенін көрсетті. Осы кезде азаматтық қоғам, белсенді жастар ұйымдарының өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, облыстық фронт офис, Сыр волонтерлары мықты күш екендіктерін көрсетті. Пандемия кезінде Сыр волонтерлары орталығы, азаматтық қоғам институттары жастар ұйымдары меценаттармен бірлесіп, 521 қайырымдылық шара өткізіп, 19669 адамға көмек көрсетілгенін атап өтуіміз қажет, – деді Серік Ахмет.

Ел амандығына аландаған азаматтар су тасқынынан зардап шеккен Түркістан облысының Мақтарал ауданына көмек көрсетуде де ұйымшылдық танытқан еді. Осы уақытта бұл жұмысқа 10 автокөлік 30 бастамашыл топ пен 180 волонтер жұмылдырылды.

«Жомарт жүрек» сыйлығының облыстық кезеңінде лауреат атанған 5 номинация иегерінің де қиындықты еңсеруде үлкен үлесі бар. Олар атқарған жұмыстың тізбесінен-ақ, халыққа қолдау көрсету үшін уақытын да, қаржысын да аямағанын байқадық. Облыстық комиссия шешімімен «Жыл меценаты» номинациясымен «Жаңажол ЖШС» директоры Орынбасар Төлепов марапатталды. «Сәт-Сервис» ЖШС директоры, белгілі құрылысшы Роза Иманова – «Туған өлке», жеке кәсіпкер, «Мейірім» қайырымдылық клубының, «Дәстүр» қолөнершілер одағының төрайымы, Қызылорда іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі Мархаббат Асанова – «Жыл тұлғасы», қоғам белсендісі, волонтер Динара Эшатова – «Ерен еріктілік», «Ел-Арай» қоғамдық қоры «Жылдың үздік ұйымы» номинациясымен марапатталды.

САЙЛАУ-2021

ӘЗІРЛІК ЖОСПАРҒА САЙ

Алдағы сайлау алғаш рет партиялық тізім бойынша өтеді. Сондай-ақ, тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 проценттік квота енгізілді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев, сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қожамжар Наурызбаев, сайлау комиссиясының хатшысы Аягөз Сырлыбаева хабарлады.

Sb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

– Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Қызылорда қаласы мен аудандарда сайлау округтерін құру туралы аумақтық сайлау комиссияларының қаулылары қабылданды. Жоспарға сәйкес Парламент Мәжілісіне кандидаттарды ұсыну 10 қарашада басталып, 30 қарашада жергілікті уақытпен сағат 18:00-де аяқталса, мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 10 қараша мен 4 желтоқсан аралығында жүреді. Ал партиялық тізімдерді тіркеу 10 қараша мен 10 желтоқсан аралығында жүргізіледі, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев.

Бүгінде Әділет министрлігінде 6 саяси партия тіркелген. Олар: «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Бірлік» партиясы, Қазақстан коммунистік халықтық партиясы, «Nur Otan» халықтық-демократиялық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы. Сайлау кезінде бөлек бір мандат үшін емес, саяси партиялардың күресі болады. Олар өз кандидаттарын партиялық тізіммен ұсынады. Бірлескен сайлауда облыс, қалалар мен аудандарда дауыс беретін азаматтарға үш бюллетень беріледі. Біреуі – мәжіліс, екіншісі – облыстық мәслихат, ал, үшінші бюллетень қалалық немесе аудандық мәслихат депутаттарын партиялық тізіммен таңдауға арналған. Осылайша, үш бюллетень бөлек саналып, нәтижесі де бөлек шығарылады.

– Бұл сайлаудың басты ерекшеліктерінің бірі – кандидаттар өзін-өзі ұсына алмайды. Бұрын бәсекелестік кандидаттар арасында болатын болса, енді партия арасында жүреді. Сондай-ақ, партиялық тізім бойынша мәслихат депутаттарына сайлау алғаш рет өткізіліп отырғандықтан, сайлау жарнасын барлық партиялар енгізеді. Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар өз қаражатын жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңда белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде төлейтін болады, – деді сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Қожамжар Наурызбаев.

Айта кету керек, шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысына, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралының өкілі ҚР Сыртқы істер министрлігі берген аккредиттеу туралы куәлігі болған кезде сайлауда байқауды жүзеге асыра алады. Оларды аккредиттеуді жүргізу 4 қаңтарда сағат 18:00-де аяқталады.

Қазір облыс бойынша 385 сайлау комиссиясында 2817 мүше жұмыс жасайды. 9 аумақтық сайлау комиссиясы, 376 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс атқарады. Облыстық бюджеттен комиссия мүшелерін электронды оқытуға 32 млн теңге қаржы қаралып, 1176 комиссия мүшесін оқыту қараша айының 10-20 күндері аралығында өткізіледі.

ЖОҒАЛҒАН АҢШЫ ТАБЫЛДЫ

Арал ауданына қарасты Қаратерең елді мекенінің маңында теңізге құс атуға шыққан үш аңшының бірі жоғалып кеткен. Үшеудің екеуі – аралдық, біреуі – ақтөбелік. Жоғалған ақтөбелік 1974 жылы туған азамат 30 қазан күні теңіздің тартылған батпақты жерінен табылды.

– Аңшылар бір күн өздері іздеген. Одан нәтиже шықпаған соң 28 қазан күні аудандық ішкі істер бөліміне хабарласты. Бұл жұмысқа өрт сөндіру қызметі жедел құтқару жасағынан 4 құтқарушы, 1 техника, жергілікті полициядан 8 қызметкер, 2 техника, ал аудан әкімдігінен 5 қызметкер, 2 техника жұмылдырылды. Сондай-ақ, басқа да аңшылар іздестіруге атсалысты. Қазір аңшының жағдайы жақсы, медициналық көмекті қажет етпейді, – деді ОТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бастығы Нұрсұлтан Ибрагимов.

Айта кетейік, жыл басынан бері департамент тарапынан 72 іздестіру-құтқару жұмыстары жүргізілген. Бұл өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 2,8 процентке көбейген. Сол себепті, төтеншеліктер азаматтардың аңға, балыққа шыққанда дайындалып, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керегін ескертіп отыр.

«СБ» ақпарат

БАЙҚОҢЫРДА МАМАН ДА, ДӘРІ ДЕ ЖЕТКІЛІКТІ

Оның айтуынша, аурухана-да қызмет атқаратын дәрігерлер қаладағы басқа емдеу мекемелері мамандарына қарағанда жоғары жалақы алады. Өзге аймақтардан келетіндерге тұрғын үй беріледі.

Бүгінде аурухана тәулігіне Байқоңыр қаласы мен Төретам, Ақай елді мекендерінде тұратын 300-350 адамға қызмет көрсетеді. Аурухананың материалдық-техникалық базасы жақсара түсті. Өткен жылмен салыстырғанда ол 2,5 есеге артқан. Былтыр ол 25 процентті шамаласа, бүгінде 90 процентке жақындады. Мәселен, өкпені жасанды желдету аппараты 5-тен 15-ке көбейді. Емдеу орнында коронавирус инфекциясымен күрес мақсатында қолданылатын 56 оттегі концентраторы, 101 импульстік оксиметр, 45 байланыссыз термометр алынған. Оған қоса 4-5 айға жететін дәрі қоры бар.

Бас дәрігердің айтуынша, аурухана-да дәріхана жұмыс істейді. Онда дәрілер науқастарға тегін беріледі. Сондай-ақ, дәрігер рецептісі негізінде қаладағы және жақын елді мекендердегі барлық дәріханадан қажетті дәрілерді алуға болады.

Көпсалалы аурухана ашылғанға дейін кейбір науқастар психиатриялық және невралгиялық ауру түрлерімен есепте тұрған. Ресей Федерациясы протоколы бойынша оған «Фенобарбитурат» тағайындалып, ол «А» класына жатқызылады. Қазақстандық емдеу ісінде ол көрсетілмеген. Дегенмен, аналогы бар.

– Аталған «Фенобарбитуратқа» байланысты тұрғындар арасында түсінбеушілік кездеседі. Науқастар бұрын алып жүрген дәрі-дәрмектерді сұрайды. Қазір бұл түйткілді шешу жолдарын қарастырып жатырмыз, – деді бас дәрігер.

Айта кетерлігі, аурухана науқастарға инфекциялық аурулар бойынша медициналық қызмет көрсете алмайды. Олардың қатарында коронавирус инфекциясы да бар. Мұндай науқастар мемлекетаралық келісім-шарт негізінде ресейлік емдеу орындарына жіберіледі.

Жергілікті тұрғындар аурухананың ашылғанына ризашылығын білдірді. Себебі, сырқаттанып қалған жағдайда тиісті ем-домды жасау жолы жеңілдеген.

– Мен қала іргесіндегі Ақай елді мекенінде тұрамын. Жасым 75-те. Үлкейген соң арасында сырқаттанып қалатынымыз рас. Төрт күн бұрын тыныс алу жолындағы ауруға байланысты аурухана-ға жатуға мәжбүр болдым. Дәрігерлер барлық емдеу шараларын жасады. Қазір жағдайым жақсарып қалды. Маған система салып, қажетті дәрілерді тегін берді. Олардың барлығын уақытылы жасады. Бұл сырқат түрімен аурухана-да төртінші мәрте ем алып жатырмын. Оның әрбірінде дәрігерлердің шарапатын көріп жүрмін, – деді Үрзия Егізбаева.

Баспасөз туры барысында журналистер Байқоңыр қаласындағы дәріханаларда болып, онда тұрғындардың дәрі-дәрмек қамтамасыз етілуі және бағасына назар аударды. Мамандар дәрі-дәрмекке байланысты ешқандай проблема жоқ екеніне тоқталды. Рецепт бойынша науқастарға тиісті дәрілер беріледі. Қаладағы «Фармацевт» бюджеттік мекемесі – кеңестік кезеңнен бері емлекеттік дәріхана. Мұнда ешқандай дәрі тапшылығы жоқ, қор апта сайын толықтырылады.

– Бүгінгі таңда Байқоңырда барлығы 21 дәріхана мекемесі бар. Олардың қатарына мемлекеттік негіздегі «Фармация» мекемесі де кіреді. Дәрілер қазақстандық және ресейлік дәрігерлер рецептісі бойынша беріледі. Бұған байланысты бізге қазақстандық медицина мекемелері тарапынан ешқандай шағым түскен жоқ, – деді қалалық денсаулық сақтау бөлімінің дәрілермен қамтамасыз ету және лицензиялау секторының меңгерушісі Зарина Большакова.

Журналистер «Вита» дәріханасында да болды. Онда да тұрғындарды дәрімен қамтамасыз етуге байланысты ешқандай проблема туындап отырған жоқ.

1-бет

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2020 жылдың IV тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Қалмақова Гаухар Амангелдіқызы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Абдукаримов Мейрамбек Жақсылықұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	401191 (7604) 27-01-00

ІРІ КӨЛЕМДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕК ТӘРКІЛЕНДІ

Дәрі-дәрмекті қымбат бағада сатушылардың және алыпсатарлардың жолын кесу мақсатында облыстық прокуратура мобильді топтардың жұмысын ұйымдастырды.

Облыстағы 328 дәріхананы аралап, түрлі тәсілдермен дәрілік заттар сатушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі күнге дейін дәрі-дәрмекті қымбат бағада сатқан 33 дәріхана, Қазақстан Республикасында тіркелмеген дәрілерді сатқан 4 дәріхана мен 4 жеке тұлға, арнайы рұқсатсыз және тиісті тіркеусіз жұмыс істеген 1 дәріхана мен 2 жеке тұлға және заңсыз кәсіпкерлікпен айналысқан 17 жеке тұлға анықталып, жауапқа тартылды. Мысалы, Қызылорда қаласында фармацевтикалық қызметтің рұқсатынсыз (лицензия), кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелместен дәрі-дәрмек сататын және қосымша заңсыз медициналық қызмет көрсететін дәріхана анықталды. Аталған дәріханадан 517 түрлі 9,5 мың дәрілік заттар алынды.

Сот қаулысымен дәріхана иесіне 223 мың теңге айыппұл салынып, қаулы күшіне енген соң дәрі-дәрмек мемлекет пайдасына тәркіленуде. Жалпы мобильді топтар 566 түрлі 10 мың қорап препарат пен 2,5 мың қорғаныш маскасын алып, медициналық ұйымдарға берді.

Облыстық прокуратура

АЛТЫН ДӘННЕН ТАУ ТҰРҒЫЗҒАН ЖАЛАҒАШ

Жалағаш – мал баққан, егіншілікті кәсіп еткен, өзіндік тарихы мен дәстүрі бар орныққан аудан. Заман талабына сай ауылшаруашылық көшін түзу ұстаған. Кезінде күріштің көлеміне қатысты Сыр өңірінің «Қостанайы» атанған бұл аймақ бүгінде сол тұғырдан таймай келеді. Биыл да 36731 гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде 21600 гектар күрішті ысырапсыз жинап, мол өнімді қамбаға құйды. Мал шаруашылығы саласында да төрт түлік басы өсіп келеді.

Иә, ауданда бұдан бөлек, атқарылып жатқан жұмыстар негізінен әр саланы дамытып, шағын және орта кәсіпкерлік арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға, аудан экономикасын әртараптандыруға бағытталған. Әкіммен ашық диалог барысында ұққанымыз экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен әлеуметтік мәселелерді шешуде жұмыстар үзіліссіз жүргізіліп, аудан экономикасында тұрақты өсім қалыптасыпты. Даму көрсеткіштері де жылма-жыл артқан.

ЖҰРТҚА ҰНАҒАН «ЖОЛ КАРТАСЫ»

Биыл ауданға «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 1 млрд 700 мың теңге қаржы берілген. Бағдарламаның көмегі айтарлықтай болыпты. Мысалы, кент ішінде көшелер жөнделіп, бірқатар әлеуметтік нысандар қайта күрделі жөндеуден өткен. Кей ауылдарға барар жол да тегістеліп, елді мекен ішіндегі ғимараттар өзгерген. Соның бірі – аудан орталығында орналасқан «Жауқазын» балабақшасы.

90 орындық мемлекеттік балабақша жақында ғана ашылды. 1985 жылы салынған ескі емхана ғимаратын қайта жөндеуден өткізген «ДГУ-Сервис» ЖШС бұған 250 млн теңгеге жуық қаржы жұмсаған. Екі қабатты балабақшаға айналған мекенде жалағаштық балалар бес топ бойынша тәрбиеленеді.

– Мердігер мекеме ғимаратты балаларға қолайлы етіп қайта жөндеді. Жып-жылы. Жарық молынан түседі. Есік алдына ойын алаңдары тұрғызылып, өзімізге керекті жабдықтардың барлығын алып берді. Төрт мезгіл ыстық тамақ дайындалып, 11 тәрбиеші бала тәрбиесімен айналысады. Ал барлығын қоссақ, балабақшада 25 қызметкер жұмыс істейді, – дейді «Жауқазын» балабақшасының меңгерушісі Бақытгүл Искакова.

Ескі емхананың шатыры түгелдей ауыстырылып, кәріз жүйелері қайта жабдықталыпты. Ішкі қабырғалары қайта сыланып, сыртқы қоршау да жаңаланған. Балалар жуынатын орын, дәретхана, ғимаратта өрт қауіпсіздігіне қатысты шығар есіктер қарастырылыпты.

ОЛАРДЫҢ КЕЛУІ ҚИЫНДАУ...

Жалағаш күріш егіп ғана қоймай, соған қажетті тыңайтқышты өздерінде қосымша дайындап отыр. Бұл сапарда анық көргеніміз осы болды.

Алдымен жергілікті жұрт «элеватор» атап кеткен, кеңес дәуірінен бері келе жатқан күріш ақтау зауытында болдық. «АгроХолдинг Қызылорда» ЖШС иелік ететін кәсіпорында 100-ге жуық адам еңбек етеді. Тәулігіне 100 тоннаға дейін күріш ақтауға қауқарлы зауыт та осында орналасқан.

– Алқаптан келген күріш осында сұрыпталады. Бірінші көліктегі күріштен зертханалық анализ алынады. Мысалы, ол ылғал болуы мүмкін. Дұрыс кеппеген, тазаланбаған, ішінде күріштен басқа өсімдік түрлері араласып жатса, белгіленген жерге аударамыз. Аудармас бұрын, таразыға тартамыз. Сол жерден бастап таза күрішті сұрыптау жұмыстары басталады, Бірнеше тазалау сатысынан әбден өткен соң нағыз күрішті ақтап, жоғары сапалы, сұранысқа ие өнім сорттарын нарыққа шығарамыз, – деп ішкі жұмысты таныстыра бастады кәсіпорынның атқарушы директоры Алмас Еспанов.

Өңделген күрішті ақтап, ішкі және сыртқы нарыққа жіберетін серіктестік аудандағы шаруа қожалықтарын қажетті құрал-жабдықпен қамтып жүр. Оған себеп шаруашылықтардан фьючерстік әдіспен күрішті сатып алатын кәсіпорын оларды алдын ала қаржыландырады.

Кәсіпорында мәселе жоқ емес. Ауыл шаруашылығы саласында жастардың келуі сирек. Мысалы, осындағы зертханада істейтіндер – егде кісілер. Алды зейнетке жақындап қалған. Орнын басатын қызметкер аз. Технологтар қажет дейді.

– Қызығушылық жоқ. Жастарды айтамын да. Бәрі бірден кеңсе жұмысына құмар. 40 жылға жуық осында табан аудармай келе жатқан қызметкерлер бар. Орынбек Кеңесбаев, Абатхан Тайшаев, сондай-ақ София, Роза сияқты апаларды мақтан тұтамыз. Салаға қызығатын қыз-жігіттер болса, олар да білгенін үйретер еді, – дейді серіктестіктің атқарушы директоры.

Кәсіпорыннан шыққан соң «Агрохимсервис» ЖШС-да болдық. Жылына 60 мың тонна түйіршіктелген азот тыңайтқыштарын өндіретін кәсіпорын биыл ғана ашылыпты. Он бес адам тұрақты жұмыс істейді.

– Негізгі қызметі – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін барлық шаруашылыққа аммоний сульфатын жеткізу. Қазір Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы, Жалағаштағы шаруашылықтар егіс алдында, сондай-ақ тұқым себілгеннен кейін де осы тыңайтқышты пайдаланып жүр. Сұранысқа орай қажетті өнім дайындайтын ғимаратта 1 дәрігер, 11 медбике, 3 техникалық қызметкер ақсулық 1600-ден астам тұрғынға дәрігерлік қызмет көрсетуді бастап кетті.

Ал Мөрәлі Шәменов атындағы ауылда аталған бағдарлама аясында спорт алаңы қайта жөнделіпті. Қазір мұнда ауыл балалары доп қуып жүр. Мұнда жаңа әрі заманауи 140 орындық мектеп тұрғызылды. Биыл пайдалануға берілген оқу ғимаратының ерекшелігі қандай? Таратып айтсақ.

Былтыр осы ауданға жол түскенде жалпы құны 689,4 миллион теңгеге орта мектеп ғимаратының құрылысы жүріп жатқан еді. Бүгінде ұстаздар мен оқушылардың ыстық мекеніне айналған ғимарат ауылға көрік қосып тұр.

– Мектеп Әбдірашид Бердәулетов атында. Ол кісі осы елде төте жазу мектебін ашып, халық сауаттылығын арттыруда көп еңбек сіңірген. Оқыған, қоғамға қажыр-қайратын аямаған тұлғаға 1991 жылы мектеп аты берілді. Арнайы бұрыш ашылып, ұрпақтары арқылы деректер жинадық. Олар музей жасақтауға көмек берді. Екінші бір айта кететін жайт, соңғы салынған мектеп жаңа үлгіде, заманауи кластармен жабдықталған. Қажеттінің бәрі бар. Асхана, гимнастика залы, ойын алаңы, технология мен зертханалық кабинеттер. Оған қоса туған ауылды түлеткен азаматтар жайлы қосымша бұрыш орнаттық. Оқушылар сол арқылы өскен топырағының қасиетін сезініп, мұндай өндіріс әзірге аймақта жалғыз, – дейді аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің әдіскері Мақсат Мүбәрак.

ЛИФТІСІ БАР ЕКЕН...

«Жол картасының» ауыл-аймаққа біршама серпін бергенін әр сапарда байқап келеміз. Жалағаш жерінде тағы да көз көрді. Ауданға қарасты Қаракеткен ауылдық округінде жағымды жаңалық бар. Біраздан бері тозығы жеткен аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Қаракеткен» автожолы биыл жөнделіпті. Нәтижесінде 20 адам маусымдық жұмыс істеп, жалақы алған.

Қуаныштысы, осы округке қарасты 70 үйлі Далдабай елді мекенінде ауызсу нысаны іске қосылды. 370 млн теңгеге жуық қаржы жұмсалып, ауызсу беру уақытылы басталған.

Бағдарлама берген несібеден Ақсу ауылы да құр қалмаған. Кіреберіс және ішкі көшелерге жарықтандыру жүргізіліпті. Бас-аяғы 25 млн теңгеге жуық қаржы жұмсаған. Айтпақшы, биыл Ақсуда мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында емхана да салынды. Жаңа жақсы адамдарды үлгі тұтсын деген ниет бұл. Туған жерді, өлкені құрметтеуге тәрбиелеу – біздің ұстаздардың басты міндеттерінің бірі, – дейді мектеп директоры Сәбира Мұсаева.

Бір қызығы, мектеп екі қабатты болғанмен мұнда арнайы лифт те қарастырылыпты. Директордың айтуынша, мүмкіндігі шектеулі бала мектепте оқығысы келсе, бұл оған үлкен көмек болғалы тұр. Бұрын-соңды ауыл мектебінен мұндайды көрмеген бізге бұл шынымен таңсық.

Айтпақшы, қала мектептеріндегідей дене шынықтырудан соң душ қабылдау бөлмесі жасақталыпты. Санитарлық талапқа сай, гигиеналық жабдықтар самсап тұр. Ыстық су бұрқырай ағады краннан. Оқушылар енді бұрынғыдай сонау 200 метр қашықтықтағы дәретханаға да бармайды. Барлық қажеттілік мектеп ішінде.

1925 жылы мешіт болып іргетасы қаланған шаңырақ бүгінде заманауи білім ордасына айналған. Ғасырға жуық тарихы бар мектепте 200-ден астам ауыл балалары білім мен тәрбиені қатар алып келеді. 36 педагог бар білгенін шәкірттеріне үйретіп жүр.

МИНИСТРГЕ ҰНАҒАН МӘДЕНИЕТ ҮЙІ

Еске салсақ, осы айдың басында Нұр-Сұлтан қаласында мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлері арасында фестиваль өтті. Республикалық деңгейдегі шараға еліміз бойынша 259 осындай мәдени ошақ қатысқан. Оның ішінде 97 ауылдық клуб бақ сынаған. «Рухани қазына-2020» деп аталатын, жүздің бірі үздік шығатын сайыста Жалағаштың Аққұмындағы ауыл клубы жеңімпаз атанған еді.

– Қаншама ауылдан келген мәдениет үйі мен клубтар бар. Өзіміз де алғашында сенбедік. Фестивальда «Үздік ауылдық мәдениет үйі, клубы» номинациясы берілді. Бір миллион қаржының сертификаты тағы бар. Бұл – барлық ұжым болып атқарған еселі еңбектің арқасы, – дейді клуб басшысы Гүлжайна Айтжанова.

Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова өз қолымен тапсырған жүлде қалай алынды? Шарт бойынша үш жылғы жұмыс нәтижесін бес минуттық бейнероликке таспалаған ұжым мүшелері шын жұмыс істеп жатыр ма? Министрге ұнаған мәдениет үйінің ішін аралап жүріп, жүлдеге шынымен лайықты аққұмдықтар еңбегіне сүйсіндік.

Рас, клуб тамаша жұмыс істеуде. Ақ жаулықты әжелер жиналып, қолөнер үйірмесінде білгенін үйретеді. Бір бөлмеде ауыл қариялары шежірелі әңгіме шертіп, ара-тұра өз немерелерімен дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ ойнап отыр. Қазақы тәрбиемен ұштасқан ізгі әңгіменің бәрі де осында айтылады. 18 мыңнан астам кітап қоры бар кітапханада тұрғындар да баршылық екен.

Жалағаштағы ауылдық клубтар ішінде жалғыз би үйірмесі осы Аққұмда ғана. Бір кездері арнайы ауыл клубтарының деңгейін көтеру мақсатында облыста бес ауылдық клуб би залымен жабдықталса, соның бірі осы Аққұм ауылы болды. Үйірме жетекшісі Арай Қуаныш «Балауса» және «Алау» атты топтардан құралған 16 қызды түрлі халық биіне дайындап жүр. Ал «Қазына» ардагерлер хор ұжымы ән айтып қана қоймай, қосымша түрлі ойыншықтар тігіп, ауылдағы кішкентайларға сыйлыққа береді. Қытайдың резеңке сасыған ойыншығынан осы дұрыс еді ғой деп біз де мәз көңілмен бас шұлғығанбыз.

Еңбектің ер атандыратынын жан-тәнімен түйсінген еңбеккерлер қашанда көш басында екені белгілі. Несібесін жерден терген диқандар биыл да дән берекесін тасытты. Әрине, Жалағаштағы жұртшылық жұдырықтай жұмылғанда ғана жетістікке жететіндіктерін естен шығарған емес.

Айтпақшы, келесі сапар Сырдария ауданына.

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.
Жалағаш ауданы

1-бет.

Өткен жылдың наурыз айында еліміздің 17 өңірінде басым бағыты «көлеңкелі» экономиканы азайту және кәсіпкерлерді қылмыстық құдалаудан қорғауды күшейту болып белгіленген аумақтық экономикалық тергеу департаменттері құрылды. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және бюджеттің толықтығына мүдделі бұл органдардың қызмет ауқымы кең.

«КӨЛЕҢКЕЛІ» ЭКОНОМИКА

ӨСІМДІ ТЕЖЕЙДІ

Ел Президенті Қ.Тоқаев биылғы Жолдауында «Көлеңкелі» экономика» сыбайлас жемқорлыққа жол ашып отырғаны жасырын емес. Сондықтан Қаржы министрлігіне қарасты экономикалық тергеу қызметінің жұмысын негізінен «көлеңкелі» экономикамен күресуге бейімдеуді тапсырамын» деген болатын.

Облыс бойынша экономикалық тергеу департаменті экономикаға ғана емес, қоғамға елеулі залал келтіретін бюджет қаражатын жымқыру, заңсыз кәсіпкерлік, салықтан жалтару, мұнай мен мұнай өнімдерінің заңсыз айналымы, заңсыз ойын бизнесі сияқты қылмыстармен күреске бағытталған қызметінің биылғы 9 айын қорытындылады. Бүгінгі тәжірибе қоғамдық қаупі жоғары әрі маңызды қылмыстарды ашуға бағытталған. Толықтай «саннан сапаға» принципіне көшірілген, яғни, адал кәсіпкерлердің мүддесіне қайшы келмейтіндей, тек «көлеңкелі» экономика қылмыстарын анықтау және тергеу басты назарда.

Экономикалық және қаржылық қылмыстар аясында жыл басынан бері 9 айда 57 қылмыстық істің өндірісі жүргізілген. Аяқталған істердің 52 проценті сотқа жолданды. Аяқталған қылмыстық істер бойынша мемлекетке келтірілген залал мөлшері 1,1 млрд теңге, оның қаржылай 208,8 млн теңгесі өндіріліп, 775,1 млн теңгенің мүлкіне тыйым салынды. Қылмыстық процесс барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу және бизнеске заңсыз араласу фактілері орын алған жоқ.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында бюджеттен бөлінген қаражатты жымқырудың 8 дерегі анықталған. Соның ішінде, «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы» бағдарламасы арқылы бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалану бойынша 2 қылмыстық іс тіркеліп, тергеу амалдары жүргізілуде. Жалпы анықталған ауыр қылмыстардың негізгі бөлігін бюджет қаражатын жымқыру бағытындағы істер құрайды.

«Көлеңкелі» экономиканың салдарынан аса ірі көлемдегі қаржы көздері бақылаудан тыс қалып, мемлекеттің экономикасына үлкен қауіп төндіріп отыр. Бұл бағыттағы заңсыздықтың кең тараған түрі – кәсіпкерлік субъектілерінің салықтан жалтару және «қолма-қол ақша» алу мақсатында ресми бухгалтерлік құжаттарда шаруашылық әрекеттерді көрсетпеуі. Мүліктік пайда алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде орындалмаған жұмыстарға, көрсетілмеген қызметтерге, тиеп-жөнелтілмеген тауарларға жалған шот-фактура жазуы. Қолма-қол ақша алуға қатысты осындай қылмыстармен күресу кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтері бойынша ақпараттардың жабық болуына байланысты күрделі болып келеді. Соған қарамастан, Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің экономикалық тергеу органдары аталған бағытта жұмыстарды белсенді жүргізуде. Республика бойынша талдау көрсеткендей, негізі 2017 жылдан бастап, қаржыны қолма-қолға айналдырудың өсуі байқалады. Мемлекеттік сатып алу саласында, квазимемлекеттік секторда көлеңкелі айналым өте жоғары. Жымқырылған ақша қаражатының үлкен көлемі қолма-қолға айналдырылғаннан кейін республикадан сыртқа шығарылатынын ескерсек, бұл – мемлекетке келтірілетін үлкен залал.

Департамент, «СТОП ОБНАЛ» жедел-іздестіру шаралары аясында, 2017-2020 жылдар аралығында ұзақ уақыт бойы жалған шот-фактураларды жазу арқылы қыруар қаражатты қолма-қол айналымнан өткізген қылмыстық топты құрықтады. Алдын ала есеп бойынша бюджетке келтірілген залал көлемі 776 млн теңгені құрап отыр. Жылдың басынан бері бұл бағытта 6 қылмыс анықталған.

Аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып, тәуекелділігі басым объектілер, яғни қылмыс жиі жасалатын орындар бақылауға қойылды. Екі мәрте екінші деңгейлі банктердің қатысуымен «дөңгелек үстел» кездесуі өткізілді. Талқыланған тақырып – заңды және жеке тұлғалардың есеп шоттарынан қолма-қол ақша шешуіне қатысты күдікті операцияларға талдау жасау, комплаенс-контроль қызметін жүйелі ұйымдастыру, күдікті операциялар бойынша шұғыл әрекет ету тетіктерін жетілдіру.

Мұнайлы өңірлердің бірі Қызылордада мұнайдың заңсыз айналымына қатысты қылмыстық құқықбұзушылықтар тоқтамай тұр. Биыл 5 қылмыстық іс тіркелген, 2 қылмыстық іс сотқа жолданды. Жақында Қызылорда қалалық №2 сотының қашықтан өткен ашық сот отырысы осындай бір қылмыстың жазасын тағайындады. 2016 жылдан бастап кәсіпкерлікпен, яғни облыстағы мұнай компанияларымен арада жасалған келісім-шарттар негізінде мұнай бассейндерін тазалау, нефтешламдарды шығару және жою қызметтерімен шұғылданған азамат араға жылдар салып заңсыз әрекеттерге бет бұрған. Мұнай бассейндерін тазалау және қалдықтарды жою үшін жасалған келісімдерді пайдаланып, өңделмеген мұнай өнімдерін қыздырып, тұндырылған өнімді иемдену және сату жоспарын іске асырған. Пайда болған өнімді мұнай қалдықтарын тасымалдауға арналған көлік құралдарының көмегімен кен орнынан алып шығып, заңсыз өнімнің тоннасын 110 мың теңгеден бірнеше заңды тұлғаға сатуды жүзеге асырған. Осындай әрекеттері үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 197-бабы 3-бөлігімен, 218-бабы 1-бөлігімен 1 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасына кесілді.

Заңсыз ойын бизнесі, теріс әлеуметтік салдарымен қоса, жалпы қылмыстардың өсуіне әкелуде. Эксперттердің бағалауы бойынша, осы саладағы жылдық көлеңкелі табыс 60 млрд теңгеден асады. Қызылордалық экономикалық тергеу дерпартаменті осы бағытта 5 қылмыстық істің өндірісін жүргізді. Жедел іздестіру шаралары нәтижесімен тіркелген бұл істердің 3-еуі аяқталып, сотқа жолданған. Айналымнан 82 монитор, 77 процессор, 40 телевизор, 8 кассалық аппарат, 31 терминал, 9 бейнежазғыш және 10 млн теңгеден аса ақша алынды. Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетімен бірлесіп, республикалық «ОЙЫН ТОҚТА» жедел-сауықтыру шаралары аясында Қызылорда, Алматы, Қарағанды, Тараз, Шымкент қалаларында заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырған қылмыстық топ құрықталды. Бірнеше қалада жүргізілген тінту нәтижесінде 5 покер столы, 11 ойын автоматы және 7 млн теңге, 60 мың АҚШ доллары айналымнан алынғанын бұдан бұрын хабарлаған болатынбыз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 262-бабының 1,2-бөлігімен, 307-бабының 3-бөлігінің 1,2-тармағымен қылмыстық іс аяқталып, сотқа жолданды.

«Ойын бизнесі туралы» Заңның 11-бабына сәйкес, казино мен ойын автоматтары залдарын Алматы облысының Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Щучье ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде орналастыруға жатады. Тағы бір ескеретін жағдай – ойын бизнесін ұйымдастыруға үй-жайлар бергені үшін де заңмен жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар, құмар ойын ойнағандарға әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қоғамның және өскелең ұрпақтың болашағы үшін келтірілетін залалдың алдын алу мақсатында «Жастар заңсыз ойын бизнесіне қарсы» атты акция ұйымдастырылып тұрады. Акция кезінде студент жастармен кездесулер өткізіліп, арнайы жасалған бейнематериалдар арқылы түрлі оқиғалар мен жағдайлар түсіндіріледі. Сауалнама жүргізу арқылы құмар ойындарға деген жастардың ішкі қарсылықтарын қалыптастыру әдістемесі қолданылады. Заңсыз ойын бизнесі туралы мәліметтер болған жағдайда департаменттің 21-52-09 нөмірлі сенім телефонына хабарлауды өтінеміз.

Көлеңкелі сектор сыбайлас жемқорлықтың етек жайып дамуына қолайлы аймақ, экономиканың өсуін тежейді, сонымен қатар инфляцияны жоғарылатып, бюджет тапшылығын туындатады. Ал экономикалық тергеу органдары осы кедергілермен күресуді жүзеге асырады.

Рашид ТЕМІРБЕКОВ,
облыс бойынша
экономикалық тергеу
департаментінің басшысы

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Көкжиегі кең көркем туынды

Ұстаз – ұлы есім, ұлағатты мамандық. Алаш ардақтысы Мағжанның «Алты Алаштың баласы бас қосқанда, төр – ұстаздікі», орыстың әйгілі педагогі Ушинскийдің «Ұстаздық – күн астындағы ең ұлы мамандық» деуі осы кәсіп иелеріне берілген абыройлы, мәртебелі баға екендігі сөзсіз.

75 жыл! 43-оқу жылы! Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап келе жатқан техника ғылымдарының докторы, профессор Серікбай Иманбайұлы Қошқаровтың биыл 43-оқу жылы! Иә, тарих өлшемімен алып қарасақ аз ғана уақыт болып көрінер. Ал «Он жылдығыңды ойласаң – мал бақ, жүз жылдығыңды ойласаң – ағаш ек, мыңжылдығыңды ойласаң – ұрпақ тәрбиеле» деген ескіден қалған есті сөздің биігінен қарар болсақ, мың жылға татырлық ғұмыр.

Адам ұрпағымен ғұмырлы. Ұстаз да солай, өзі тәрбиелеген шәкірттері арқылы қадірі артып, құрметке бөленеді. Ұлағатты ұстаздан тәлім алған ұрпақ өз ұстазын ұмытпайды, қашанда оған ілтипатпен, ізетпен қарайды. Біздің бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Серікбай Иманбайұлы да – өз бақытын ұстаздықтан тапқан, білім мен ғылым саласындағы еңбегі арқылы абыройға бөленген жан.

Қолымызға қалам алуға себеп болған биыл мерейлі жасқа келген ағамыздың «Жерұйық» атты кітабы. Әдетте, кемел жаста аға буыннан күтетініміз ғибрат, өсиет сөздер, өмірден көрген-білген естелік, ғұмырбаяндық кітаптар. Ал «Жерұйықтың» орны бөлек! Кітапқа автордың көркем әңгімелері, күнделіктері еніпті.

Әңгіме – қиын жанр. Қиындығы – жазушы оқырманға айтар ойын тарының қауызына сыйғызғандай аз сөзбен, көркем тіл, көрнекті оймен бере алуы тиіс. Кең көсіліп, тереңнен тартуға, «ұзаққа шабуға» жанр талаптары жібере қоймайды. Кейіпкерлері де санаулы, сюжет шағын, ширыққан тартыс та көбіне көріне бермейді. Сөйте тұра тақырып, идея нақты, оқырманның «қолына таяқ ұстатқандай» болуы тиіс. Осының барлығы, айналып келгенде суреткерлік шеберлікті талап етеді. «Жерұйыққа» енген әңгімелерге осы талап биігінен қарадық. Кітап «Өзгеру» атты әңгімемен ашылыпты. Әңгіме бұған дейін көрінгеннің барлығын баса бермейтін, әсіресе көркем дүниеге барынша ыждағаттылықпен қарайтын республикалық «Жұлдыз» журналында, өзіміздің «Сыр бойында» жарық көрген екен.

Өзгеру! Біз ойлаған қоғамның не заманның өзгеруі емес екен. Адамның, адам ойының, адам пиғылының өзгеруі. Жалпы көркем шығарма үшін өмірлік тәжірибенің алар орны ерекше. Автор дүниетанымы, өмірден көрген-білгені шығарманың өнбойынан көрінуі – заңды құбылыс. «Өзгеруде» осы нәрсе анық көрінеді.

Әңгіме шынайы, сюжет шағын, шымшытырық оқиға да жоқ, кейіпкерлері оқырманның күнде жанында жүргендей әсер етеді, таныс, жақын адамдар. Бұл – айналып келгенде, қаламгер еңбегі.

Әңгіменің басты кейіпкері Ахмет – өз ісінің білгірі, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы. Қызуқандылығы өзіне жарасады, жастық қайраттың, жігердің көрінісі. Әділетсіздікке, бейбастыққа төзе алмауы да осы қызуқанды қасиетінен. Жаны таза, жүрегі нәзік. Қысылғанға қол ұшын созуға дайын. Ал Жекен іштарлығы басым, «бір бармағын ішіне бүккен», аяқтан шалуға, жамандық жасауға дайын.

Автор – кейіпкер сомдауда шебер. Әр қаһарманының ішкі дүниесін түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып ашады. Психоанализ мықты. Әңгіменің өнбойындағы диалог, монолог, ішкі монолог (хат жазу) сәтті пайдаланылған.

«...Жекен өзінен өзі сөйлеп кетті. «Мені ішімнен жегі аямай жеп жатыр. Үңгіп жатыр. Мені аяқ бастырмайды. Бұрынғыша жүре бер дейді. Өзгерме дейді. Өзгерсең өлесің дейді. Ал мен өмір сүргім келеді. Жұрт қатарлы. Жан-жағыма қараймын. Өз-өзімен тату өмір сүріп жатқандарға қызығамын. Бірақ қаныма сіңген үйреншікті әдетім босатпайды. Енді не істейін?! Әбден шаршадым, мүлде болдырдым-ау!». Бұл – Жекеннің ішкі ойы. Өзімен, өзінің ішкі әлемімен тартыс. Қанына сіңген көреалмаушылықтан құтылар жол іздейді. Жандүниесін тазарту қысы, арын аршығысы келеді. Жанын жегідей жеген де – осы қасиеті.

Автор ішкі монологті сәтті пайдаланған. Әдетте, көркем шығармаларда тартыс екі адамның, екі көзқарастың, екі қоғамның, бітіспес екі дүниетанымның арасына құрылады. Ал «Өзгерудегі» негізгі тартыс бас кейіпкер Жекеннің жандүниесінде болып жатыр. Оған себеп – жамандыққа жақсылықпен жауап қайтарған Ахметтің адамгершілік болмысы. Өзі аяғынан тартып, іштей бақталас болып, қайтсем шалып құлатам деп жүрген Ахмет Жекеннің денсаулығы күрт нашарлағанда көмекке келді. Жекен күтпеген Ахметтің осы қасиеті оны ойландыра бастайды. Бірақ қанында бар қасиет өзгеруге, адамгершілік жолына түсуге бірден мүмкіндік бере қоймайды.

Әңгіме Жекеннің хатымен түйінделген: «Ахмет інім! Өмірімде мен оңды іс атқармаппын. Осыны кеше ғана Берік досыммен сөйлесканде білдім. «Өлімнен ұят күшті депті». Сол ұяттан өлгім де келеді, Ахмет. Бірақ өлімге өзімді қия алмадым. Әлсіз екенмін.

...Мені осы жарық дүниеде аман алып қалған – Берік досым мен сен, Ахмет, сенің өнегелі жолың мен ісің. Мен саған опасыздық жасадым. Содан да саған қарай алмаймын, көзбе-көз сенімен сөйлесуге менде бет жоқ...».

Әңгіменің оқырманға айтары – «Таспен ұрғанды аспен ұр» деген қазақы пәлсапа. Ұлттық мінезден сусындаған авторлық мұрат оқырманын ойландырмай қоймайды.

Кітапқа енген «Тал мен адам» мысал-әңгімесінің де айтары көп. Жанрлық табиғаты да өзгеше. Өмірді шыншылдықпен суреттеуде, идеяны астарлап жеткізуде мысал жанрынан асқан көркемдік құралды табу қиын. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан тұрмысқа етжақын суреттер ұласа келеді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды мысал арқылы суреттеуге болады. Жанр табиғатындағы осындай ерекшеліктерді ескерген болуы керек қаламгер «Тал мен адам» мысал-әңгімесін диалогқа құрған. Екеуінің сөйлесуі арқылы өмірлік маңызды сұраққа жауап бергендей.

«Е-е, шіркін-ай, адамдыкі осы ғой!.. Алдымен ойлайтыны – өз қамы. Бізге оны Алла бұйыртпапты. Соған шүкір. Әйтпесе күнәға батар ем. Маған күш-қуат беретін – тірі жанға жасаған қызметім...». Ағашқа осылай тіл бітіру арқылы үлкен философиялық түйін жасайды автор. Адам бойындағы менмендік, көреалмаушылық, көзбояушылық сияқты қасиеттерді сын садағына алады. Адамдар арасында мейірімділіктің, ізгіліктің азайып бара жатқандығына күйінеді. Сондықтан да талға: «Адам болмағаныма қуанамын. Олар қанағатсыз, тойымы төмен. Дүние тек солар үшін жаралған деп ойлайды» деген сөз салу арқылы адамзат баласын қанағатшылдыққа, мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Әрине, шағын мақалада кітапқа енген барлық әңгімелерге талдау жасап, ой-пікір білдіру мүмкін емес. Қаламгердің қай шығармасын алып қарасақ та, шығарма мұраты ізгілік, мейірімділік, қанағат пен сыйластық, парық пен парасат, азаматтық болмыс мәселесіне келіп тіреледі. Бұл, айналып келгенде, суреткерлік дүниетанымның, ұстанымның көрінісі болса керек.

Кітапқа енген «Күнделіктер» де назар аудартпай қоймайды. Өнер адамдары мен ғалымдардың, саяхатшылар мен мемлекет басқарған қоғам қайраткерлерінің күнделік жазуы – әдеби үдерісте бұрыннан бар үрдіс. Күнделік – өмірлік тәжірибе мен көзқарастың, таным мен көңіл-күй сезімдерінің нәтижесінде өмірге келетін жанр. Көбіне күнделікте автордың өз өмірі немесе өмір сүрген қоғамы, оның ойы мен қиялы, дүниетанымы мен философиясы баяндалады. Мемуарлық жанрдың бір түрі ретінде күнделік – жазушының, ғалым не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазылатын шығарма. Күнделікке тән қасиет – деректің, шынайылықтың басым болуында. Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым М.Жолдасбеков күнделік туралы: «Елдің, халықтың тарихы болатыны секілді әрбір кісінің де тарихы болады. Ол әрбір сәттен, сағаттан, күннен, тәуліктен, аптадан, айдан, жылдан тұрады. Сөйтіп бүкіл өміртіршілігің сенің өміршежіреңді құрайды. Басыңнан өткен әрбір күнді, әрбір оқиғаны түгел есте сақтау мүмкін емес. Есте сақтаудың жалғыз жолы – күнделік жазу» дейді.

Серікбай Иманбайұлы күнделіктерінің де маңызы мен мәні ерекше, құнды дүниелер деп айтар едік. Әр сәт, әр күн, әр кездесу Серікбай аға назарынан тыс қалмайды. Университет, облыс өміріндегі өзі куә болған жайлардың барлығы қағазға түскен. Әр жазбаның айтары бар.

Жалпы ұстаздық пен қаламгерлік егіз ұғымдай көрінеді, кейде. Екеуінің де нысаны адам, мақсаты – ұрпақ тәрбиесі. Сол арқылы ұлтты тәрбиелеу. Біз оқыған «Жерұйық» – осы сөзіміздің дәлелі.

***P.S:** Сырдың сары күзі. Серікбай Иманбайұлы өзіне ғана жарасымды қалпымен оқу ғимаратына қарай келеді. Ой құшағында. Мүмкін, өзін күтіп отырған шәкірттеріне айтар ойын саралап келер... Әлде өмірге келетін тағы бір көркем дүниенің әсерінде ме екен?!*

Ғабит ТҰЯҚБАЕВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ХИКАЯТ

ҚЫЗЫЛҚҰМ ХИКАЯСЫ

Суретті түсірген Болат Омарәлиев

I

1972 жылдың көктемінде қырықтың қырқасына жаңа іліккен Алексей Черекаев жолдас ел үкіметіндегі ең мықты лауазымның біріне тағайындалды. СовМин төрағасының орынбасары. Көп ұзамай Қызылорда облысына алғашқы қызметтік сапарына жолға шықты.

Облыстың орталығынан, аудан-аудандардан аса бір алаңдатарлық дабылдар түсіп жатқан шақ. Бұрын-соңды болып көрмеген былтырғыдай құрғақшылық кесірінен мал басы қыстамаға қоң жинамай кірген. Кей аудандарда қыс ортасында-ақ мал, әсіресе, қой-ешкі қырыла бастады.

Қыста қар аз түсті. Оның үстіне көктемгі құрғақ, аптап желді ауа райы биылғы жаздың да әуре-сарсаңы кем болмайтындығын сездіріп тұрған.

– Сенің мұндай жағдайдағы жұмыс тәжірибең мол, – деді республика басшысы Димаш Ахметұлы үлкен кеңестің үстінде. – Сондықтан, облыстың аудандарын түгелдей аралап шық. Жағдаймен жақын, мұқият таныс. Алдағы аптаның соңында бізге барлық жайды баяндап бересің. Керек десең, қажетті шешімдерді сол жерде қабылдарсың. Біздің қолымыздағы ресурс пен резерв сізге жақсы мәлім.

Қызылорда республикадағы ең проблемалы облыстардың бірі еді. Жерінің басым аумағын Қызылқұмның сусыма құмы мен құладүз дала алып жатыр. Облыста тұратын елдің басым бөлігін ауызсумен қамтып, Арал теңізін де қоректендіріп тұрған суы тұщы жалғыз Сырдарияның жол бойы әр-әр жерден бөген-бөгеттермен бұғауланып тастағаны соншалықты, дарияның кей тұсын жалаңаяқ кешіп өте шығатындай күйде.

Теңіздің де арнасы тартылған үстіне тартылуда. Облыстың даңқын жер-жерге асырып жатқан Аралдың бекіресі мен қаязы сықылды балықтың бағалысы азая бастаған. Олар жайлы тек анықтамадан ғана оқып, әйтпесе, маңайдағы көнекөз қариялардың естелігінен ғана естисің.

Орыстың Нижегород деген қаласының жәрмеңкесін көрген ескікөздері де ол балықтардың дәмін ұмытпағанын осы елдің бір ақсақалы айтып жүр. Алдыңғы ғасырдың жиырмасыншы жылдары бұл қаланың саудагерлері мен мещандарының арасында балық тағамын ұсынатын «Аральский усач» деп аталатын мейрамханаға халық қалың кезекке тұрған. Мұндай мейрамханалар Мәскеу мен Петерборда, тіпті Парижде де болған. Олардағы кісі қарасы мүлде үзілмепті.

Бұл шақта Қызылордада ірі өнерқәсіп орындары да қалмаған. Аралдың жағалауында, Сырдария мен Әмударияның алқап-алқабында қалың өсетін қамысты ұқсатып, қатты қағаз шығаратын, атағы елден асып, Еуропаға жеткен, сонау 30-шы жылдары салынған целлюлоза-қағаз комбинаты тоқтап қалған. Теңіз суы тартылған соң, мәңгі өсіп тұра беретіндей көрінген, комбинатты қажетті шикізатпен қамтамасыз етіп тұрған қалың қамыс сиреді.

Облыс осылайша Қазан төңкерісінің алдындағыдай таза мал шаруашылығымен шұғылданатын өңірге айналған. Енді бұл аймақ күрішпен күнелтіп, негізінен қаракөл қойын, жылқы мен түйе өсірумен айналысады.

Алексей жолдас күнделікті қажет қағаздарын жинастырып, кеңсе жұмыстарын ыңғайлап, сол күні кешкісін жанына көмекшісін алып, ИЛ-18 ұшағымен Қызылордаға ұшып шықты. Әуежайда оны облыс басшылары тайлы-таяғы қалмай қарсы алған. Уақыт түн ортасы болып қалғанына қарамастан, қала сыртындағы резиденцияда кешкілік ас дастарханы жайылып, әңгіме үстінде уақыттың қызды-қыздымен таңғы төртке тақағанын аңғармаған. Тарасарда Үкімет басшысы орынбасарының облыстағы төрт күндік сапарының бағдарламасы кесіліп-пішілді.

Мал фермаларындағы жағдай күткендегіден де ауыр болып шықты. Жайылымда не өткен жылдан қалған, не биылғы көктемгі тебінгі шөп жоқ, тап-тақыр. Құрғақшылыққа төзімді деген көк атаулының өзі жерден қылтиып шықпай жатып-ақ қураған. Әбден арыған мал өз аяғымен тапталып, тақырланып қалған маңдағы қарағаш пен түйетікеннің арасынан тіске ілінер көк іздеп босып жүр.

Ашық тоғандар болмашы қардың суы жұмырына жұқ болмай тартылып қалған. Жерасты суы да бірнеше метр тереңге қашып, ойдағы-қырдағы құдықтардың кенезесі кеуіп жатыр. Ауызына көк ілікпеген, оның үстіне сусыраған мал көз алдында арып, жүдеп-жадап барады. Әне-міне мал жаппай қырылуға жақын деген дабыл жан-жақтан түсе бастады. Сондықтан, тез арада жедел шешім қабылдамай болмайды.

Бірінші кезекте адам мен малдың ауызсуы мәселесін шешу қажет. Шалқардағы темір жол станциясында аудандар мен облыстық ұйымдардың жетекшілерінің басын қосқан кеңес өтті. Оған Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент облыстарының аумағындағы әскери бөлімдердің командирлері, темір жол станциясының басшылары да шақырылды.

Кеңестің қорытындысы мынау болды: қолдағы малға су жеткізуге бір мыңға жуық су тасушы көлік шығарылады, бұған республикалық резервтен де көмек келеді. Өкімет қорынан жүз мың тоннадан астам пішен, екі жүз мың тонна жем бөлінді. Одақтық үкіметке де резервтен жәрдем жасауға өтініш жасалды. Қазақстанның жемшөп қоры тәуір-ау деген өңірлері мен аймақтарына пішен мен сабан даярлап, жіберіп отыруға бас-көз болатын облыстың өкілдері аттандырылып жатты.

Жағдай сәл-пәл болсын оңалады деген жіңішке сенім мен үміт пайда болды. Тек осы бір шегеленген шараларды мықтап іске асыру қажет. Бұл үшін осы мақсатта арнайы штаб құрылды.

Облыстағы іссапардың соңғы күні де келіп жетті. Шағын ұшақпен Қызылқұмның қуыс-қуысын аралап ұшып өтпек ниет жасалды. Кеңшар мен ұжымшарлардың бүкіл қой-ешкі, жылқы-түйесінің жартысы құмдағы жайылымда жан сақтауда. Бұлар мінген АН-2 ұшағы құм арасындағы алаңқайларға қонып-ұшып кете алатындай ыңғайлы. Ұзындығы – жүз, көлденеңі алпыс метр алаңқай болса болғаны. Ұшық-иыры жоқ құмайт далада мұндай «әуежайлар» әр-әр тұста кездесіп қалады. Бірақ толассыз құм көшінің ондай алаңқайларды басып тастауы да әп-сәтте. Қонуын қонарсың-ау, бірақ қонған ұшақты қызыл құмның орай соғып басып тастауы лезде. Қайта көтерілуің мұң. Ұшқыштардың да қорқатыны осы.

Бұлардың жолы болды. Қызылқұмның үстінен ұшқан топ жерасты тұщы суы тереңге қаша қоймаған көгалды алқапты жайлаған бірнеше шопан ауылына еркін қонды. Әжептәуір қарайған тал-шілігі бар мұндай көгалды жердегі шопандар құдықтан су ішіп, малды да сол сумен суарып отыр. Мұндай әзірге күйі қашпаған қойлы ауылға қонғанда, шаруаның аужайын байқап болған соң, аттанарда ауыздарына қымыз бен шұбат та тиіп қалады.

Қызылқұмның бір шетінен бері қайтқанда жолсерік азаматтар қолдан жасалған көгалды жердегі көл маңын мекендеген қойлы ауылға соға кетуді ұсынды. Бірге ұшып келе жатқан облыстың басшысы:

– Бұл жерді көп жылдан бері біздің Қойбағаров Қуаныш дейтін үздік шопанымыз жайлап келеді. Сіз, бәлкім, ол кісі жайлы естіген де боларсыз. Қаракөл қойының жүз саулығынан жыл сайын жүз сексен-екі жүз қозы алады, баққан малынан да жоғары сұрыпты, түр-түсі де ерекше тері беріп келе жатқан бір еңбекқор жан. Бұл – республиканың рекорды. Ол аз болса, Қойбағаров жолдас тұнып тұрған кітап, өзі және майдангер, екі бірдей «Жауынгерлік Даңқ» орденімен наградталған. Соғыстан кейінгі жылдардағы жақсы жұмысы үшін еліміздің көптеген мемлекеттік марапатына ие болған ағамыз. Осы бесжылдықтың қорытындылары бойынша Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынбақшымыз, – деді.

Біраз тынығып алудың да реті келіп тұрған. Мына тұста құм ішіндегі көлдің жағасын жайлаған шопанның көгарай шалғын жері жатыр. Ілгеріректе мұнай мен газ іздеп жүрген геологтар жер астынан тереңнен шығып жатқан су көзіне тіреліп қалса керек. Содан бері жиырма жыл бойы төменнен тартқан тұрбамен жер бетіне тынбай атқақтаған судан жасанды көл пайда болыпты. Оны өздері Баршакөл деп әдемі атаған. Жерасты суы құм арасына сүзгіден өткендей сіңіп, арасында буланып ұшып жатса да, су қоры азаяр емес.

– Бұл Баршакөлдің жағасын қамыс басып, қаз-үйрек үйірсектеп, балық көбейді. Сіздің Жайықтың жағалауында өскеніңізді біледі, бірақ мұндағыдай сазанды көрмегеніңізге бәс тігуге бармын, – деп тағы бір сапарлас азамат отқа майды құя түсті. – Көктемде бұл көлшік жабайы құсқа толып кетеді.

– Тіпті аққулар да мекендейтін болды, – деп аудан басшысы да әңгімеге араласты.

– Асықпайық. Бұл маңда ұшақты басып қалатын сусыма құм жоқ, көл маңы ылғал. Дем алып, суға түсейік, күннің күйіп тұрғаны мынау. Ет жеп, сорпа ішіп, қонаға жата кетелік. Облыс орталығымен ұшақтағы рация арқылы байланыс ұстап отырамыз, – деді облыс басшысы сөздің нүктесін қойып.

– Мұндай көлдер көп пе сіздерде? – деп сұрады Алексей жолдас.

– Тұщы су құм ішінде тереңге кетпейді, сондықтан жетерлік. Бұл жақта геологтар он жылдай жүрген. Олардың қазған құдықтары аз емес. Бәлкім, жүз деп саналуы да ықтимал. Бірақ бүкіл Қызылқұмда өз-өзінен буырқанып атылып шығып жатқаны оннан аспайды. Иесіз, қараусыз қалған тағы да жүз шақты құдық бар, олардан суды тек насоспен ғана айдап шығарасың. Бұған әзір күшіміз келмей отыр, – деді облыстың басшысы.

Шағын көлшікті бір айналып шығып, қонатын жерді қапысыз тапқан ұшқыш қамысты жағадан бірнеше қадам жерге келіп қонды. Самолеттің салонынан тысқа шыққандардың бет-жүзін ыстық та болса көл суымен жұмсарған бір салқындау леп желпіп өтті. Мұрынға балық иісі келді, қамыстың жеңіл сыбдыры жанға жайлы тиіп, дүрілдеп келіп қонған ұшақтың дауысынан үрке ұшқан қаз-үйректің қанатының сусылы естілді.

Басына тері құлақшын киген, иығында желбегей жамылған мақталы шапаны бар, ұшақтың ұршығы қашан тоқтар екен деп күтіп тұрған егде қазақ көрінді. Алексей жолдастың қасындағы серіктері ана кісіге қос қолдарын соза ұмтылып барып, айқара ашылған құшақтарын жая амандасты. Сосын ғана Совминнің білдей орынбасарын таныстырды.

Алексей жолдас бұл кісінің орысшадан хабары бар-жоқ екенін сұрады.

– Баяғыда соғыс кезінде аздап сөйлеуші едік, оны да ұмыттық қой қазір, – деді ақсақал.

Тілге жүйрік Совминнің орынбасары тек содан кейін ғана қазақшаға көшті. Шаруа жайын бірқыдыру сөз етісті. Бір мезетте үй иесі:

– Келіңіздер, төрлетіңіздер! – деп қыза бастаған әңгімені үзіп, ұядай боп қатар қонақтай қалған қос киіз үйдің жанындағы жертөлеге бастады. – Киіз үйден гөрі жер үй салқынырақ.

Отығып, қотанға қарай мамырлай жайылып келе жатқан қой отарына көз қиығын салып тұрып:

– Ана ұл отарды суарып, кешкі жайылымға қайта айдап алып кетеді. Мына көлшіктің суын ластамау үшін құдықтан су тартып, соған суарамыз, – деп қосып қойды.

II

Қылаң төбелге аяқ артып, отардың алды-артын жиыстырып келе жатқан шопан да таяды. Аттың ауыздығын алып, су ішсін деп жіберді-дағы, өзі құдықтың ағаш ернеуіне аяғын тірей, талтая тұра қалып, дәу қауғамен төменнен су тартып алып құя бастады.

Меймандар қой отарын аралап кетті. Аға шопан мән-жайды түсіндіріп жүр. Малдың күйі басқа отарларға қарағанда әлдеқайда ілгері екендігі көзге бірден шалынады.

Су тартқан шопан жігіттің мына ыстықта басына кигені түлкі тымақ, мақтадан сырылған күпәйке. Бұтында сырма қалың шалбар. Балағын керзі етіктің ішіне қыстырған. Қызылқұмның қатты аптабы мен құрғақ ыстық желінен осылай қалың киініп қана жан сақтап қорғана аласың. Мұны Совминнің орынбасары да жақсы біледі. Қалың киім күннің ыстығын өткізбейді, кісінің денесі ыстықты сезбейді. Қыр қазағына бұл жайт ежелден-ақ мәлім.

Құдықтың маңына ошарылған қой отары суға қанып, сейіле бере мына топ та шопан жігітке жақындаған. Алексей жолдас оның бой-тұрқын, кескін-келбетін көріп сәл аңтарылып қалды.

Еңкейіп-шалқайып су көтеріп тұрған жігіт қатты ыстықтап кеттіау тегі, түлкі тымағын шешті де, белдемшесіне қыстырып қойды. Ажарын аптап жел мен күн қақтаған, дене бітімі құрыштан құйғандай, қолы балғадай кәдімгі қыр қазағы. Бірақ шашы... Ұлық мейманның көңілін аударғаны да осы болды. Кесек бітімді қайсар қазақтың шашы да көмірдей қара болса керек-ті. Мына жігіттің шашы кәдімгідей қызғылт сары. Енді сәл ынтыға үңіле түсіп еді, мәссаған безгелдек, қасы да сапсары.

Алайда ондай-ондай алыс ауылда болып тұрады ғой. Аңдамұнда, бекеттер мен вокзалдарда қаңғырып жүрген кезбелер аз ба, солардың бірі шығар, мұндай бейбақтарға жатар орын, ішер киім берсең болды, соған тәуба деп, айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүреді. Алыстағы қойлы ауылдағы қойшыға да керегі осы. Дегенмен, көмекшілікке, сірә-дағы, орыс жігітін берген болуы керек деп бір түйіп қойды іштей алматылық үлкен кісі. Сосын:

– Сәлеметсіз бе, – деді орыс тілінде. – Мұнда қашаннан бері жұмыс істеп жүрсіз?

Бойшаң сары жігіт өкімет адамына таңырқай қарады:

– Әке, мына кісі не дейді?

«Ақсақалды бұл жігіт әке деп тұр, ендеше осы үйдің баласы болғаны. Бірақ түрі қазаққа келмейді. Ал сонда бұл мұнда қайдан жүрген орыс пішінді азамат?» деп ойлаған Алексей көппен бірге отар аралап кетті.

Озат шопанның отарындағы малдың күйі мынандай ыстығы шыжып тұрған жазда расымен де таңғаларлықтай күйлі еді. Қазақ «Мал баққанға бітеді» деп тегін айтқан ба, малсақ адамның түлік күтімін күндіз-түні қадағалайтыны көрініп-ақ тұр. Мал шаруашылығының қыр-сырын аса жетік білетін Алексей жолдас отар ішін аралап келе жатып тұяғын тас тілген бірде-бір қойды көрмей, малшының ыждағаттылығына қатты риза болды. Күйі жақсы жас төл де асыр салып ойнақтап жүр.

Дегенмен дөкей адамның ойынан анау қызғылт шашты қазақ жігіті кетер емес. Құдық басында қауғаны соншалықты епті қимылмен допша домалатып су тартуына, малды шөлін қандыра суаруына қарап, қойлы ауылда шаруа өрге домалап тұрса, мұнда сенің де үлесің аз емес-ау деп көңіліне түйіп қойды.

Өмірзақ СҰЛТАНОВ,
ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты,
Сайлау ТӨЛЕУОВ,
журналист.
Семей-Астана.

(Басы. Жалғасы бар)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қасиетті құс – қарлығаштың үй ішіне ұя салып, балапанын ұшырғанын бала кезімізден байқап өстік. Әкешешеміз қарлығаштың ұясын бұзбайтын, «тимеңдер!» деп қорғаштап отыратын. Қарлығаштың әрекетін қазір ойласам, мектепте сабақ берген мұғалімдерім көз алдыма келеді. Ұстаздарымыз – қарлығаш болса, біз – балапанымыз. Ал мектеп – алтын ұямыз екен-ау! Солай, солай. Дәл солай.

ҰМЫТЫЛМАС ҰЛАҒАТ

Ұстаздар!
Қандай ғажап халықсыздар,
Шәкіртке шыңдай биік
алыпсыздар.
Жан біткен жанарына нұр
сыйлатып,
Күндей боп күлімдейтін
жарықсыздар.

Басымыздан сипап, арқамыздан қағып бізге шуақ берген, қуат берген ұстаздар ұлағатын әңгімелесем деймін. Рухы шат болсын. Саналы ғұмырын өсіп келе жатқан ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне арнаған, олардан өз ізбасарларын, мұрагерлерін көрген, Сыр елі үшін жауапкершілікті мойнына алған парасатты тұлға Уәли Төрәліұлы Төрәлиевке тоқталғым келеді. Ұлағатты ұстаздың өмірдерегін оқыған кезде туған өлкеміздің тарихы көз алдымнан өткендей болады.

Уәли Төрәліұлы 1920 жылы 15 қарашада Қармақшы ауданының Қараөзек ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ол әрқашан лайықты білім алуға ұмтылды. Жетіжылдық қазақ мектебін, Ақтөбе мұғалімдер институтын және Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын бітіріп шыққан. Мұғалім мамандығын алған.

1938-1940 жылдары еңбек жолын Қармақшы ауданында ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою бойынша мұғалім қызметінен бастады. Одан кейін (1942-1945 жылдары) Жосалыда №26 мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі және директоры болып қызмет атқарған. 1945-1961 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды, оның ішінде 10 жыл мектеп бөлімінің меңгерушісі, 1961-1963 жылдары Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық атқару комитетіне төрағалық етті. 1963 жылдан бастап 1983 жылы зейнетке шыққанға дейін облыстық білім бөлімінің басқасында болды.

Ол білім беру саласының материалдық-техникалық базасының күшеюіне көп мән берді. Аталған мәселелерді партия конференцияларында, облыстық партия комитеті пленумдарында және облыстық кеңес сессияларында ұдайы көтеретін. Білім ошақтарының облыстың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына енуіне ықпал ететін. Бұл жұмысты тұрақты негізде жүргізді.

Соның нәтижесінде және өңіріміздегі оқушы балалар саны ұлғаюына байланысты көптеген мектеп, балабақша салынды. Мысалы 1981-1985 жылдары 23 мектеп салынды, олардың барлығы 15 мың оқушыға арналған болатын. Сондай-ақ, 4465 орындық мектепке дейінгі мекемелер бой көтерді. Мұның бәрі мектеп пен балабақша санын көбейтуге көп көмектесті. Онда білім алатын бала саны артты.

Өзі шаруа отбасында өскен Уәкең мал шаруашылығымен айналысатын азаматтардың балаларын оқытудағы барлық мәселелерді жақсы білді және әрқашан ауыл тұрғындарының тілегі мен сұранысына оң жауап беріп отырды. 70-жылдардың ортасында «Қармақшы» совхозы бұрынғы әскери бөлімше базасы негізінде халқымыздың асар әдетімен малшыларға арналған тұрғын үй, мал қораларын, медицина бөлімшесін, АН-2 ұшақтарына арналған ұшу-қону алаңын салды. Осы негізде шаруашылық орталығынан 250 шақырымдай қашықтықта орналасқан «Тышқан тамы» қой фермасын ашты.

Ол кезде фермада 300-ге жуық адам тұрды. Сол себепті бұл жерде малшы балалары үшін сегізжылдық мектеп ашудың қажеттілігі туды. Әлбетте, мектеп шағын, жинақы болды. Дегенмен облыстық білім бөлімінің меңгерушісі Уәли Төрәлиев қарапайым адамдардың мұң-мұқтажын ескеріп, шопан балаларының ата-анасының қасында оқуын қамтамасыз ету үшін керекті құрал-жабдық іздеудің мүмкіндігін тапты. Сонымен қатар осы мектептің салтанатты ашылуына өзінің орынбасары Сейітқасым Жүнісовті және аудандық білім бөлімі меңгерушісі Тілемұрат Науановты жіберді.

Мамандығы бойынша педагог, өз еңбек өтілін осы шаруашылықта мұғалім болып бастаған, еңбек ардагері, осы шаруашылықтың бұрынғы басшысы Исағали Жұмағұлов айтқандай, Уәкең шалғайдағы елді мекен мектептеріндегі оқу және тәрбие процесін сырттай естіп-білген жоқ. Бүгешігесіне, ішкі мәселелеріне дейін қанық еді. Сондықтан тұрғындар тілегін кездесуден кейін ескерді. Ел ішінде Уәли Төрәліұлын қасиетті Сыр жеріндегі ағартушы академик деп атап кетуі тегін емес.

Ол өз қызметінің басым бағыты ретінде оқу-тәрбие процесін түбегейлі өзгерту, оқушылардың өз тағдырын одан әрі айқындауы үшін мүмкіндік беретіндей өзекті білім беру, таяу жылдарға дұрыс таңдау жасауына ықпал етуді міндеттеді. Кәсіптік бағдар беруде, мамандық таңдауда және студенттерге еңбек тәрбиесінде демеуші кәсіпорындар да маңызды рөл атқарды. Өңірдегі орта мектеп оқушылары, әдетте, ауылшаруашылық жұмыстарына қатысып, халық шаруашылық жоспарын жүзеге асыруда шаруа қожалықтарына және демеуші кәсіпорындарға көмектесті. Бұл жасөспірімдердің бастамашылдығы мен еңбек дағдыларын дамытуға ықпал етті. Пайдалы тәжірибе одан әрі өмірлеріне септігін тигізді.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында денешынықтырумен, бұқаралық спортпен айналысуға, өз күштерімен ұйымдастырылған көркем өнерге, қызығушылықтары бойынша түрлі үйірмелерге тартуға көп көңіл бөлінді. «Былғары доп», «Алтын шайба» турнирлері, «Зарница» ойыны танымал болды. Облыс оқушыларының жаттықтырушысы С.Сон жетекшілік еткен әйелдер баскетбол құрама командасы XII Бүкілқазақстандық мектеп спартакиадасының чемпионы атанды. Бұл облыс тарихында ойын түрлері бойынша осындай жетістікке жеткен алғашқы командалардың бірі еді.

60-жылдардың ортасында Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Валентин Захарович Лидің белсенді қызметі мен ынта-жігерінің арқасында велоспорт мектеп оқушыларының арасында жоғары көрсеткішке ие болды. 1972-1973 жылдары Александр Полухин КСРО-ның бүкілодақтық оқушылар спартакиадасы мен алғашқы Жастар ойындарының чемпионы атанып, кейін өз мемлекетінің атынан халықаралық жарыстарға қатысады. 1981 жылы Светлана Шалгимбаева мектеп оқушылары арасында КСРО бірінші лігінің жеңімпазы атанды.

Мектеп сахнасында алғаш рет жерлесіміз, Қазақстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері Батырхан Шөкеновтің жұлдызы жанды. Кейіннен әлем халқының жүрегін жаулап алған әнші әрі композитордың болашағы №233 мектептің вокалдық-аспаптық ансамблінен басталды (директоры Л.Шастова).

Уәли Төрәліұлы «шәкіртіңе өз жанының бір бөлшегін сыйламай, жақсы мұғалім бола алмайсың» дегенді ылғи айтып отыратынын оның қол астындағылар үнемі еске түсіреді. Тек осылай ғана сауатты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға болады. Сондықтан ол әрқашан өз мамандығына адал, оқу-тәрбие процесінде ерекше тәсілдерді іздейтін мұғалімдерді, өз ісінің жанкүйерлерін қолдауға тырысты. Облыстық білім беру бөлімін басқарған жылдары педагогтар «КСРО Білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Білім беру ісінің үздігі» атағына ие болды.

Ал Уәкеңнің қарамағында бірнеше жыл жұмыс істеген Тәрбие Сербайқызы Сарабекова баламалы сайлауда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі XIII шақырылымының депутаты болып сайланды. Қазір еңбек демалысында. Ол Алматыда тұрады және әлі күнге дейін өзінің жалғыз ұстазы және тікелей басшылығында 15 жылға жуық еңбек еткен Уәли Төрәліұлын өміріндегі тәлімгері деп есептейді. Өмір жолының бастапқы кезеңінде дәл осындай жарқын тұлғаны кездестіргеніне дән риза.

Облыстық білім бөлімі бойынша орынбасарлары мен әріптестері, қалалық және аудандық білім бөлімінің меңгерушілері осындай игі істе оның серіктестері болды. Олардың арасынан Сағат Боханұлы Бохановты, Сейітқасым Баяхметұлы Жүнісовті, Сәбит Мәдибекұлы Мәдибековті, Қожан Нұрпейісұлы Нұрпейісовті, Кенжалы Атабайұлы Атабаевты, Күлшара Рахметованы, Күләй Сағындыққызы Ермағамбетованы, Әбілқасым Әбдікәрімовті атап өткім келеді.

Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әбішев маған Уәкеңнің тағы бір таңғажайып ерекшелігі – қарапайымдылығы мен мейірімді жүректің иесі екенін еске түсірді. Бұдан 50 жыл бұрын болған оқиға. Шиелі кентінде аймақтық жиын өтті, оған облыстық басқарма басшылары түгел қатысты. Бұл кездесуге жаңа қызметтік автокөлікпен яғни, «Волганың» соңғы маркасын мініп келген Уәкеңе қонақүйдің алдына жиналған меймандар мен іс-шараны ұйымдастырушылар су жаңа көлігіне құтты болсын айтты. Жүргізуші көліктің кілтін аңдаусызда қалдырып кетіп, өтіп бара жатқан бейтаныс бала сол сәтті пайдаланып, рульге отырды да зырғыта жөнелді.

Көлік тізгіндей алмайтын жасөспірім бала қарсы алдындағы бағанаға барып соғылды. Автокөліктің алдыңғы бөлігі жарамсыз болып қалды. Біздің Уәкең не істеді? Шиелі аудандық милиция бастығының орынбасары Б.Бекмамбетовке: «Балаға және оның ата-анасына қатысты қылмыстық іс қозғамаңыз. Ең алдымен, біз, ересектер, балаға не жақсы, не жаман екенін түсіндіре алмадық. Бұл – біздің кінәміз» деді. Міне, ұстаздың кеңпейілдігі мен қарапайымдылығы.

Уәли Төрәліұлының лауазымды тұлға ретіндегі айрықша мінезін атап өткім келеді. Ол ешқашан кеңседе отыруды ұнатпады. Мектептердің, оқу орындары педагогикалық кеңес отырыстарына жиі қатысатын. Білім беру саласындағы проблемалар мен қиындықтарды бірінші болып біліп және осыған сүйене отырып, тиісті шешімдер қабылдады. Сонымен қатар, ай сайын үшінші жұмада өткізілетін «бірыңғай саяси күндердің» белсенді қатысушыларының бірі болды. Өңірлерге шығып, тек оқу орындарының педагогтарымен ғана емес, басқа да ұжымдармен және халықпен кездесіп, жергілікті жерде азаматтарды қабылдады. Бұл оған адамдардың тілегі мен сұраныстарын жақсы білуге мүмкіндік берді. Осыған байланысты Уәкең барлық іс-шаралардан аулақ болуға тырысқан басшыларға үлгі болды.

Өте салмақты, өр мінезді еді. Туындаған барлық мәселелер мен проблемаларды дипломатиялық жолмен, ешқандай да демаршсыз және өктем сөзсіз шешуге тырысты. Оған мансапшылдық пен амбиция жат еді. Менің аға жолдастарым айтқандай, ол өзінің жеке бастамасы бойынша облыстық комитеттің бірінші хатшысы М.Ықсановтан оны Қазалы ауданының басшысы қызметінен босатуды және халыққа көп пайда әкелетін қызмет саласына жіберуді сұрады. Бұл Уәли Төрәліұлының тапсырылған жұмыс учаскесі үшін жоғары дербес жауапкершілігін көрсетті.

Көбіне жұмыстан кейін, кешкі уақытта оны аулада көршілерімен, ҰОС қатысушылары – Исатай Әбдікәрімовпен, Бөрібай Құлмановпен, Ғафур Мұхамеджановпен, «Білім беру ісінің үздігі» Нұрділдә Уәлиев және басқа да кісілермен әңгімелесіп отырғанын көруге болады. Бірде былай деді: «Адамды адам ететін екі ұя бар. Бірі – отбасы, ата-ана, екіншісі – мектеп, ұстаз. Бір сөзбен айтқанда, адамды екі ұя қалыптастырады. Бірі – отбасы, екіншісі – мектеп, мұғалімдер». Көптеген мысалдар келтірді. Мектепке оның функциясына қатысы жоқ міндеттерді артып, себепсіз айып тағылатынын, ал ата-аналар өзінің баласының тәрбиесі үшін ешқандай жауапкершілік алмайтынын сынады.

Уәли Төрәліұлының бұл сөздері әншейін әңгіме ғана емес, оларды іс жүзінде жүзеге асыруға тырысты. Запия жеңгеймен бірге ата-анасының ісін абыроймен жалғастырып, әртүрлі салада қызмет етіп жүрген бес баланы тәрбиелеп өсірді. Олардың екеуі – әкесі мен анасы сияқты, оқушылары мен студенттеріне білім дарытып келе жатқан педагогтар. №171 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Запия апай жұбайының сенімді тірегі және қолқанаты болды. Адал және ерен еңбегі үшін «Құрмет белгісі» (1966 жыл), екі рет Еңбек Қызыл Ту (1971 және 1981 жыл) ордендерімен, бірқатар медальдармен марапатталған. Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі (1961 жыл), КСРО Білім беру ісінің үздігі (1971 жыл) атанды.

Егер Уәли Төрәлиевтің рухани-адамгершілік тәрбиеге қосқан үлесі лайықты түрде бағаланып, облыстағы бір мектептің аты берілсе, мұны облыс халқы дұрыс қабылдаушы еді. Бұл Сыр өңіріндегі ұстаздардың мәртебесін жұртшылықтың назарына жеткізіп, қолданыстағы «Педагог мәртебесі туралы» заңның шеңберіне сай келеді деп айтуға болады.

Жетпіске таяған жасымда өткен өміріме ой жіберіп, ұстаздарды ойласам, мейірім меймілдеп өз-өзінен төгіліп тұрғандай. Мұқағали Мақатаев жырлағандай мектепке «тарыдай боп кіріп, таудай болып шықтық» қой. Сондай дәрежеге жетуіміз кімнің арқасы? Кімге қарыздармыз?

Әйгілі Әнет баба жасы ұлғайған шағында шәкірті Қаз дауысты Қазыбек биді шақыртып алып:

– Алты Алашқа атың шығып, атағың жайылды. Кімге қарыздарсың? – деп сұрапты.

– Аллаға қарыздармын! – депті шәкірті.

– Сосын?

– Анама қарыздармын. Анам мені тоғыз ай толғатып, өмірге әкелді.

– Сосын?

– Әкеме қарыздармын. Әкем мені бақты-қақты, мәпелеп өсірді.

– Одан кейін?

– Еліме қарыздармын. Өйткені елім мені екі алақанына салып аялады.

– Тағы кімге тағзым етесің?

– Отаныма қарыздармын. Отаным еліме, жеріме деген менің сүйіспеншілігімді арттырды.

– Сосын?

– Қадірімді арттырған қаншама қасиетті тұла бойыма тұндырып құйған ұлы ұстазым Әнет баба, ең әуелі сізге қарыздармын! – депті Қаз дауысты Қазыбек би шәкірті.

Иә, біз – шәкірттер қауымы, ең әуелі ұстаздарымызға қарыздармыз. Ілгері-кейінді өткен данагөй данышпандардың ұстаздар туралы ұлағатты тәмсілдерін қайталап, кейінгі ұрпақтың құлағына құя кетейін, артық емес. Ұлт ұстазына айналған Ахмет Байтұрсынұлы «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деген. Біз мұны «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деп қысқа қайырып айтып жүрміз.

«Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!» – деп өлеңмен қоңырау соққан Ыбырай Алтынсариннің мұғалімдер жайындағы ғибраты қандай ғажап?! «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» дейді. Тамаша сөз.

Жүрек күні-түні соғады. Тынымсыз. Қуанады. Қайғырады. Лүпілдейді. Мұғалімдер де сондай. Орыс оқымыстысы К.Ушинский де мұғалімдердің күннің құдіретті сәулесіне теңеуі бекер емес. Күн сәулесі болмаса он сегіз мың ғаламның тіршіліктынысы бітеді. Өледі. Әйгілі артист Серке Қожамқұлов сексенге таяған шығында айтыпты: «Ұстаз» деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін» деп. Ендеше батыр Баукең Момышұлы айтқандай «Ұстаздық – ұлылық емес, ұлы қызмет». Ақырғы ойымды Абай хәкімнің өлеңімен аяқтайын.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға.

Пайғамбар жасын жасап, «ұстаздық етуден жалықпай» саналы ғұмырының отыз жылын оқушы-шәкірттерге арнаған Уәли Төрәлиевтің еңбегі далаға кеткен жоқ, сан мыңдаған санада кетті. Жүз жасқа толған ұстазды ұстынға теңеген кейінгі ұрпақтары жүрек жырын арнады.

Естіліпті қоңырау боп
құстар әні,
Сол әнмен шәкірт арман
ұшқан әрі.
Үш ұстын –
Ұстаз,
Шәкірт,
Ата-ана –
Үйлескен әз ұяның
ұштағаны.

Кеңесбек МАХАМБЕТОВ.
Нұр-Сұлтан қаласы

«ДАМУ» ДЕМЕГЕН ЖОБАЛАР

– Сол кезде фабрикадағы барлық жұмыс тоқтатылып, басшылық бетперде тапшылығын азайтуға шешім қабылдады. Күніне 10-15 мың маскаға дейін шығарылды. Жергілікті компаниялар, жеке тұрғындар сондай-ақ, басқа өңірлердегі компанияларды бетпердемен қамтамасыз еттік. Бұрынғы жұмысшылардан бөлек 100-ге тарта адам қосымша жұмысқа алынды, – деді атқарушы директоры Нұргүл Қосаева.

Алғашында ер адамдардың жейдесін тігуге маманданған фабрика қазір өнім түрін кеңейтіп, арнайы, күштік құрылымдарға арналған формаларды дайындауда. «Сапалы өнімге сұраныс бар, есесіне жергілікті өнімнің бағасы қымбат» деген тұрғындардың таптаурын пікірі бар. Бірақ, мұндағы жейделер бағасы үш мың теңгеден басталатынын білдік.

– Бүгінде фабрикада 50-ге тарта адам жұмыс істейді. Оның ішінде тігіншілердің көпшілігі арнайы білім алған. Кейбір қыз-келіншектерді өзіміз үйретіп, мамандандырып жатырмыз. «Dalatex» әлеуметтік жағдайдың реттелуіне де үлес қосуда. Халықты отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, үйде отырған жұмыссыз қыз-келіншектердің табыс табуына ықпал етті. Қазір фабриканың жанында тігіншілерді оқытатын оқу орталығы ашылды. Орталықты бітірген тігіншілерді жұмысқа алуға мүдделіміз, – деді атқарушы директор.

Жеңіл өнеркәсіп – азық-түлік өнімдерінен кейін сұраныстағы дүние. Иә, тағамнан кейін қаржы негізінен киім-кешекке жұмсалады. Ал, көпшілік тұтынатын мұндай өнімдердің басым бөлігі шетелден келетіні жасырын емес әрі көптеген елдердің басты табыс көзі. Сондықтан компания басшылығы «Даму» қорының қолдауымен әлі де қызметкер санын, өндірілетін өнім түрлерін арттырмақ ниетте.

«Жан-Арайдағы» жаңалық

Көпшілікке «Жан-Арай» ЖШС-ның да атауы жақсы таныс. Тәулігіне 80 тонна құрама жем, 150 тоннаға дейін күріш ақтайтын зауыты бар серіктестік 2011 жылы құрылды. Зауыт іске қосылған 2015 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті -Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев күріш өңдейтін зауыттың ғимаратын аралап көріп, кешеннің өндірістік жұмысымен танысқан болатын.

Агроиндустриялық кешеннің жұмысын жолға қойған серіктестік бүгінде 150 адамды жұмыспен қамтып отыр. Мұнан бөлек осы аумақта тойхана салынып, хостел, қонақүй де бой көтерді.

– Алдағы уақытта көтерме сауда орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Ғимараты дайын. «Даму» қорының қолдауымен банктерден несие алып, жабдықтау қажет. Сондай-ақ, 4 гектар жерге жылыжай салу да ойда бар. Қазір жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Екінші деңгейлі банктермен жұмыс жасап, «Даму» қоры арқылы субсидия алып, құрылыс-монтаж жұмыстарын бастағымыз келіп отыр, – деді «Жан-Арай» ЖШС директоры Мұрат Айменов.

Айтпақшы барлық салаға өзгеріс әкелген пандемия кәсіпорынның жұмысына да айтарлықтай әсер етті. Бұған дейін күріш Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ауғанстанға экспортқа шығарылатын. Ал күрделі уақытта кеденде шектеулер болды. Дегенмен жұмыс қазір қайта жүргізілуде.

Бизнесі сәтті – «Сапа КА»

Еліміздің батыс өңірінде тігілген қазақы нақыштағы киімдердің дизайны бөлек. Сән үйлерінің туындылары бірінен бірі өтеді. Ал Сыр елінде осы олқылықтың орнын толтырған бірден-бір өндіріс орны – «Сапа КА» жеңілөнеркәсіп орталығы. Ұлттық сән өнері мен сұлулықты тоғыстырған орталық елге «Қолөнер» деген атаумен танылды. Бұл жерден нағыз қазақ мәдениетін көз алдыңа әкелетін киіз үйден бастап, бабалар тұтынған бұйымдардың сан түрін көресіз.

Қазір тұрғындарда таңдау көп, киім-кешектің қандайына да өзіңіз қалаған бағада қол жеткізесіз. Сондықтан жеңіл өнеркәсіп саласында кәсіп бастап, жетістікке жету жолы күрделі. Бірақ орталық құрылтайшысы Аида Керімқұлованың ұлттық бұйымдарға деген жанашырлығы «ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» дегізетіндей.

Бүгінде «Сапа КА» өнімдері 3 цехта өндіріледі. Цехтарды бір жерге шоғырландыру үшін басталған зауыт құрылысы карантинге байланысты әзірге тоқтап тұр.

– Орталық жұмысын автоматтандыруға көп көңіл бөлінуде. Қазалы, Арал, Шиелі аудандарында керемет қолөнершілер бар, бірақ енді аппаратпен кестелеуге басымдық береміз. Жеңіл өнеркәсіп саласы Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінде жақсы дамыған, сондықтан сол елдерден мамандар шақырып, қызметкерлерді осы жабдықтармен жұмыс істеуге даярладық. Былтыр «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша «Даму», «Атамекен» кәсіпкерлік палатасындағы мамандардың сүйемелдеуімен үлкен жобаны іске асырдық.

Пандемия уақытында мүлде демалған жоқпыз. Маска тігуден бөлек, арнайы технология бойынша қорғаныш костюмдерін дайындадық. Шетелден шикізат әкелу жағы қиын болды. Жүк ұшақтары тоқтап қалды. Бірақ Ресеймен арада почта байланысы болғандықтан, шикізатты сол елден алдырдық, – деді А.Керімқұлова.

Тек ұлттық киімді ғана емес, қолөнер бұйымдарын дайындап, «темірге тіл, жаңқаға жан бітірген» шеберлерді топтастырған «Сапа КА» өнімдеріне сұраныс көбейген. Бір қызығы, тапсырыс берушілердің басым бөлігі шетелден хабарласады екен.

1-бет

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі
28 қазан 2020 жыл №509 Қызылорда қаласы
кезектен тыс 49-сессия

«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 374 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7037 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 280 649 777,3 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 11 741 343,4 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 4 257 638,7 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 32 243,4 мың теңге;
трансферттер түсімі – 264 618 551,8 мың теңге;
2) шығындар – 289 541 077,6 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 28 515 848,4 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 32 482 377,4 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 3 966 529,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 288 485,4 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 2 288 485,4 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -39 695 634,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 39 695 634,1 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 16), 17) тармақшаларымен толықтырылсын:

«16) жаңадан іске қосылған дене шынықтыру және спорт нысандарын ұстау;

17) Қызылорда қаласы аумағында жер асты және жердегі инженерлік желілерін түгендеу.»;

6-тармақ жаңа мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) әлеуметтік сала нысандарын дамыту.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының
кезектен тыс 49-сессиясының төрағасы Н.Амитов
Қызылорда облыстық мәслихатының
хатшысы К.Бисенов

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Қызылорда облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 29.10.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 120000-120008-7765 болып енгізілді

Қызылорда облыстық мәслихатының
2020 жылғы 28 қазаны № 509 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы «12» желтоқсандағы
40-сессиясының № 374 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	280 649 777,3
1			Салықтық түсімдер	11 741 343,4
	01		Табыс салығы	5 562 835,0
		2	Жеке табыс салығы	5 562 835,0
	03		Әлеуметтік салық	5 050 169,4
		1	Әлеуметтік салық	5 050 169,4
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 128 339,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 064 206,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	64 133,0
2			Салықтық емес түсімдер	4 257 638,7
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	148 647,7
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	31 606,6
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	25 430,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	91 611,1
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	814 059,6
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	814 059,6
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 294 931,4
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 294 931,4
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	32 243,4
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	32 243,4
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	32 243,4
4			Трансферттердің түсімдері	264 618 551,8
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	3 875 364,8
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	3 875 364,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	260 743 187,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	260 743 187,0
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	289 541 077,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 563 772,1
	110		Облыс мәслихатының аппараты	69 090,6
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 813,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 277,6
	120		Облыс әкімінің аппараты	1 873 596,2
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 607 744,7
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	110 271,8
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	29 653,0
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	125 926,7
	257		Облыстың қаржы басқармасы	123 470,0
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	121 987,0
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 483,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	212 719,5
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	171 669,5
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	41 050,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	74 512,0
		078	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	74 512,0
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	248 098,0
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	245 438,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 660,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	669 308,7
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	669 308,7
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	149 863,1
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	145 840,1
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 023,0
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	79 659,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 659,0
	730		Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы	63 455,0
		001	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	63 455,0
02			Қорғаныс	1 953 013,2
	296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	1 870 805,2
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64 421,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 426,0
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	214 380,4
		007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	91 282,3
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	1 468 395,5
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	20 900,0
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	82 208,0
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	82 208,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 245 524,6
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8 131 024,3
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 409 256,1
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3 065,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 718 703,2
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	114 500,3
		053	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	114 500,3
04			Білім беру	53 605 261,9
	120		Облыс әкімінің аппараты	32 395,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	32 395,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	817 640,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	88 640,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	652 557,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	76 443,0
	261		Облыстың білім басқармасы	44 439 529,1
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	176 849,7
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 283 067,4
		004	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	12 593,0
		005	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	25 347,0
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 370 303,2
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	426 470,2
		012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	373 505,2
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	17 091,0
		025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 744 718,9
		029	Әдістемелік жұмыс	124 420,2
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау»	2 985 110,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	114 458,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 075 992,9
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	25 709 602,4
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 901639,1
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	3 508196,1
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	393 443,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 414058,7
		011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	313 435,3
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	3 085 118,4
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 015 505,0
05			Денсаулық сақтау	9 592 885,4
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5 412 940,1
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	181 582,1
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	225 280,8
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	199 885,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	158 871,0
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	37 317,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	26 099,0
		023	Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	54 251,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 020 846,0
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	46 702,4
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	1 183 578,4
		039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	273 942,2
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	772596,6
		042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	995,0
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеу	230 993,6
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	4 179 945,3
		038	Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	4 179 945,3
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	23 817 129,1
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	23 420 819,5
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	124 813,0
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	365 133,0
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	1 365 108,7
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 077 590,1
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	466 057,8
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	477 836,0
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	125 189,3
		019	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған, ағымдағы іс-шараларды іске асыру»	3 968,0
		046	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	1 643,0
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	118 818,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	48 578,6
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	19 246 084,0
	261		Облыстың білім басқармасы	276 473,0
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	203 337,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	73 136,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	48 525,1
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	48 525,1
	295		Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы	71 311,5
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	71 311,5
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 182 854,8
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	15 513 960,6
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	202 341,2
		010	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	652 262,0
		030	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	1 970 751,0
		032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	3 273 927,0
		038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2 784 249,7
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 911 010,1
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	2 741 975,6
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 977 444,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 668894,2
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері	6 668 755,7
		030	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	138,5
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	10 580 267,0
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	982 116,6
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	187 047,5
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	726 359,0
		010	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	63 051,1
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 659,0
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	3 106 343,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	75 012,2
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	140 184,0
		007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	745 154,2
		008	Театр және музыка өнерін қолдау	853 545,0
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	250 313,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	319 311,8
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	200 428,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	522 394,0
	283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	182 232,5
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	25 525,0
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	134 394,5
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	22 313,0

Жалғасы 7-бетте

	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	3 714 209,2
		001	Жергіліктті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	324 139,9
		002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	60 704,2
		003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	3 199 439,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	123 993,1
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 252,0
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	681,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 969 722,3
		024	Спорт объектілерін дамыту	850 614,6
		027	Мәдениет объектілерін дамыту	1 119 107,7
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	625 643,4
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	230 590,4
		008	«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	395 053,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	6 019 550,4
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	6 019 550,4
		007	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	1 130 050,0
		071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	4 857 704,4
		081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	31 796,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	17 514 725,3
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	49 042,0
		001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	49 042,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	2 065 450,4
		001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	101 808,0
		002	Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу	4 319,3
		003	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	28 376,6
		004	Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру	15 426,0
		005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	1 215 146,0
		006	Жануарлар дүниесін қорғау	1 351,4
		008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	565 426,4
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 089,9
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	17 307,8
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	110 199,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	13 945 382,9
		001	Жергілікте деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	150 692,9
		002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	351 001,0
		006	Басым дақылдардың өндірісін субсидиялау	136 973,8
		008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	716 122,2
		014	Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	435 857,0
		018	Пестицидтерді залалсыздандыру	2 177,0
		019	Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер	48 077,0
		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар	146 747,5
		034	Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	4 200,0
		035	Азық-түлік тауарларының өндірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру	742 031,0
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	10 510,1
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	3 980,6
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	2 241 011,0
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	2 317 985,0
		051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	700 000,0
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	3 396 794,0
		054	Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау	15 233,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	2 417 107,0
		059	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау	19 325,0
		060	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру»	61 557,8
		061	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау»	28 000,0
	719		Облыстың ветеринария басқармасы	1 384 646,3
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	92 180,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 507,0
		009	Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру	1 052,6
		010	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	46 791,6
		011	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1 820,0
		012	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу	68 073,0
		013	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	15 891,3
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	975 074,2
		028	Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер	2 018,0
		030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	176 268,6
		031	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және тасымалдау (жеткізу)	1 970,0
	725		Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы	69 203,7
		001	Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	69 203,7
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	1 000,0
		020	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	1 000,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	5 618 345,2
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 535 797,9
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	124 681,6
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	170 942,5
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	5 240 173,8
	724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	82 547,3
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	82 547,3
12			Көлік және коммуникация	12 501 232,5
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	12 501 232,5
		001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74 274,8
		002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	1 635 444,0
		003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	192 715,8
		005	Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау	121 195,0
		025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	1 641 601,2
		028	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	2 050 713,0
		051	Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамуы	5 000,0
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	5 235 344,6
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 544 944,1
13			Басқалар	8 762 249,0
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	739 958,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	739 958,0
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	242 949,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	242 949,0
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	137 472,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	137 472,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	1 087 446,4
		012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	1 087 446,4
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	151 078,5
		003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	151 078,5
	261		Облыстың білім басқармасы	1 116 979,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 116 979,0
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	37 635,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	37 635,0
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	53 793,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	53 793,0
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	1 776 406,5
		024	«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	15 804,0
		037	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	104 047,5
		052	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	848 917,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	807 638,0
	280		Облыстың индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	85 086,0
		001	Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 086,0
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	141 247,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	141 247,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	180 042,6
		051	«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	63 833,6
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	116 209,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	2 927 825,0
		005	«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	110 500,0
		006	«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	2 242 161,0
		015	«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	535 264,0
		027	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру»	18 900,0
		082	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	21 000,0
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	84 331,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	84 331,0
14			Борышқа қызмет көрсету	53 437,1
	257		Облыстың қаржы басқармасы	53 437,1
		004	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	44 742,1
		016	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	8 695,0
15			Трансферттер	105 530 830,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	105 530 830,0
		007	Субвенциялар	96 639 278,0
		011	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	457 661,5
		017	Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	999,9
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	4 693 718,0
		026	Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге өтемақыға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 701 887,0
		029	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, жалпы республикалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	255 000,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	782 285,6
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	28 515 848,4
			Бюджеттік кредиттер	32 482 377,4
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	14 911 529,2
	261		Облыстың білім басқармасы	2 398 382,2
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	2 398 382,2
	273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	153 080,8
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	153 080,8
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	4 259 155,2
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	4 259 155,2
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	3 015 046,5
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	3 015 046,5
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	5 085 864,5
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру	5 085 864,5
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11938 272,2
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	3 475 736,0
		048	Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру	1 396 286,0
		087	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру	2 079 450,0
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	8 462 536,2
		009	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	8 462 536,2
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	5 354 076,0
	255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	3 103 376,0
		037	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру»	3 103 376,0
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	2 250 700,0
		007	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	2 250 700,0
13			Басқалар	278 500,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	278 500,0
		069	Облыстық орталықтарда, моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	278 500,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 966 529,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 966 529,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3 965 041,0
		2	Бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару	1 488,0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	2 288 485,4
			Қаржы активтерін сатып алу	2 288 485,4
13			Басқалар	2 288 485,4
	254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	58 433,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	58 433,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	800 195,4
		005	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	800 195,4
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	941 857,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	941 857,0
	289		Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы	488 000,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	488 000,0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-39 695 634,1
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	39 695 634,1
7			Қарыздар түсімі	41 572 164,5
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	41 572 164,5
		1	Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар	32 896 304,5
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	8 675 860,0
16			Қарыздарды өтеу	3 772 340,0
	257		Облыстың қаржы басқармасы	3 772 340,0
		008	Жергілікті атқарушы органның борышын өтеу	2 115 848,0
		015	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1 655 004,0
		018	Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	1 488,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	1 895 809,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 895 809,6
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 895 809,6

«АБАЙ» ТРАГЕДИЯСЫНЫҢ САХНАЛАНҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

АДАМЗАТ ТЕҢДІГІН АРҚАУ ЕТКЕН

...Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн.

Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында.

Sb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ҚОЗҒАУ САЛДЫ

М.Әуезов пен Л.Соболевтің бірігіп жазған «Абай» трагедиясы 1940 жылы А.Тоқпановтың режиссерлігімен тұңғыш рет сахнаға шықты. Өнер туындысында сол кезеңнің қоғамдық мәселесі көтерілді. Дәлірек айтсақ, операдағы Абай образы – сол кезеңдегі адамдар арасындағы әділетсіздікке қарсы күресіп, тағдыры талқыға түскен екі жасты «ескіліктің» құрсауынан алып шығатын адамгершілік болмысы биік тұлға. Осындай жаңашыл идеясымен қоғамдық санаға сәуле түсірген шығарма қазақ театр өнерінің өркендеуіне игі ықпал етті. Бүгінгі күні «Абай» трагедиясы көптеген қазақ театрының үздік туындылары қатарына енді.

1944 жылы «Абай» трагедиясы пьесалық жанрдан опералық жанрға өңделіп, қазақтың опера және балет театрында Абайдың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында қойылды. Жаңа туындының либреттосын М.Әуезовтің өзі жазды. Ал композиторы А.Жұбанов пен Л.Хамиди. Операны сахнаға шығарған режиссері тіреді. Түптеп келгенде, туынды қалыптасып қалған қоғамдық көзқарасты өзгертуге бағытталған.

Операның жалпы музыкасы халық әндерімен әдемі жарасым тапқан. Абайдың кейбір ариялары мен ариозалары ұлы ақынның өз әндерімен үндес пайдаланылған, ал бірқатары халық музыкасынан алынған. Бір ғажабы – арада ғасырға таяу уақыт өтсе де осынау бірегей өнер туындысы көрермен көңілінен жоғары орын алып отыр.

Опера 1958 жылы Мәскеуде өткен Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігінде қойылды. Композитор А.Жұбанов пен Л.Хамидиге «Абай» операсы үшін Қазақ КСР-інің Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Абай образын өткен ғасырдың 40-жылдары театр корифейі Қалибек Қуанышбаевтан бастап, бүгінде Болат Әбділманов, Ерлан Біләл, Азамат Сатыбалды, Нұркен Өтеуілов сынды сахна саңлақтары сомдады.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры 1934 жылы 13 қаңтарда Мұхтар Әуезовтің либреттосы «Айман-Шолпан» музыкалық қойылымымен ашылды. Бұл – Қазақстанда тұңғыш ашылған кәсіби музыкалық театр болатын. Қазіргі таңда негізгі бағыты – опера және балет өнерінде Қазақстанның мәдени саясатын іске асыратын және халықтың мәдени деңгейін көтеретін көркем шығармалар қойылымдарын ұйымдастыру және қою, ұлттық және халықаралық мәдени мұраны насихаттауға негізделген.

БАТЫС ЕЛІНДЕ БИІК БАҒАЛАНДЫ

«Абай» операсы 2012 жылы белгілі дирижер, бірнеше халықаралық байқаудың жеңімпазы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері А.Бөрібаевтың жетекшілігімен Германияның Майнинген қаласының Тюрингии мемлекеттік опера театрында сахналанған болатын.

– «Абай» қойылымында махаббат, адалдық, әділдік сынды өлмейтін адамзат құндылықтары тақырыпқа өзек болғандықтан, неміс жұртшылығы жақсы қабылдады. Осы қойылымнан кейін Германияда Абайдың өлеңдеріне, неміс тіліне аударылған ақынның кітаптарына деген сұраныс арта түскен. Сондай-ақ ескі мен жаңаның арасындағы тартыс, шиеленіс шебер көрсетілген қойылым көрерменді қызықтыра түседі. Оқиғада жағымсыз образ, ескіліктің жақтаушысы Жиренше өз айтқанынан қайтпайды, ал Абай – даналықтың символы. Сондықтан да бұл қойылым қай заманда болса да барлық адамға қызық.

Мен бұл қойылымды тек қазақ халқы ғана тамашалап қоймай, басқа да ұлттар көрсе деймін. «Абай» арқылы қазақты әлемге танытқым келеді. Сондықтан да біз «Абайды» орыс және ағылшын тілдеріне аудардық. Қосымша мониторларда ағылшын және орыс тілдерінде аудармасы көрсетіліп тұрады, – дейді дирижер Алан Бөрібаев «Алаш айнасы» басылымына берген сұхбатында.

«АБАЙ» ОПЕРАСЫ СЫР ЕЛІНДЕ САХНАЛАНДЫ

Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай» операсы Сыр елінде тұңғыш рет сахналанды. Операның қоюшы режиссері Шымкент қалалық опера және балет театрының режиссері әрі солисі, «Мәдениет қайраткері» Қайрат Құлыншақов. Басты рөлді, яғни Абай образын облыстық филармония әншісі Айдос Иманжаппаров сомдады.

Қойылымда облыстық филармонияның, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының артистері, камералық оркестр, «Томирис» би ансамблі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің «Ән салу» бөлімінің студенттерімен аралас хор ұжымы қатысты.

Қойылым облыстық филармониясының камералық оркестрінің сүйемелдеуімен өтті. Дирижері – «Мәдениет қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев.

Елде енгізілген карантин талаптарына орай тұрғындар «Абай» операсының көрсетілімін «Qyzylorda» телеарнасы мен Youtube әлеуметтік желісіндегі «Сыр шаңырағы» каналы арқылы тамашалады.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың ұлы ақыны, ғұлама ойшылы Абай образы театр, кино өнерінде, әлемдік әдебиет әлемінде кең танылған.

Қ.Жандарбеков, суретшісі Қ.Қожықов, дирижері Л.Шаргородский болды.

Операда басты кейіпкер – Абайдың өмір сүрген заманы, қазақ даласындағы орыс билігінің отаршыл саясаты, одан бөлек, кейбір қазақ байларының кедей-кепшікке қысымы көрініс тапқан. Оқиға барысында Жиренше, Нарымбет сияқты әлеуетті байлардың қарсылығына ұшыраған екі жастың тағдырына адамгершілік болмысымен араша түскен Абай бейнесі қара қылды қақ жарған әділдігімен асқақ тұр, яғни, Абайдың шәкірті Айдар мен оның сүйген қызы Ажардың басынан өткен жағдайлар тақырыпқа негіз болған. Бас бостандығын аңсаған қос ғашыққа болысқан Абай ақырында әлеуетті күшке қарсы тұрып, әділдікке жетеді. Әйтсе де, айласын асырған олар жас жігіт Айдарға у беріп өл-

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАПЫ ҚАЛМА, ОҚЫРМАН!

Қазіргі «Сыр бойы» талай жастарды биікке көтерді. Ағайынды Дәрмағанбетовтердің дүниелерін оқырманға ұсынды. Тоқсанның төріне шыққан Шәкірат ата әлі тың, қаламы қолынан түскен жоқ, қуатына таңырқайсың. Басылымда еңбек еткен Сыдық Алдабергенов, Зұлқарнай Сахиев «Егемен Қазақстанда», Жақсылық Түменбаев, «КазТАГ»-та ұзақ жыл еңбек етті. Ал Мәриям Қарақонақова «Қазақстан әйелдері» журналына редактор болып көтерілді. Байжігіт Әбдіразақов «Егемен Қазақстаннын» бірегей, қаламы жүйрік, тамсандыра очерк жазған майталман тілшісі, журналист болды.

Басылымда биікке көтеріліп, бес жылдай редактор болған Ұзақ Бағаев «Егемен Қазақстанның» бас редакторы болды. Ұзекең тұсында басылым оқырмандары көбейді, мәртебесі биіктеді. Міне, бәріміз ұшқан ұяда осындай азаматтар болған. Қази, Айжарықтардың қалам сілтесі мүлдем бөлек еді.

1-бет.

«Сыр бойы» газеті талай бастамаларға ұйтқы болды. Жақаевшылар қозғалысын насихаттады. Екінші тыңды игеруге, механизатор кадрларын толықтыруға шақырған Ж.Қожауов, Г.Қуандықова, Ж.Таспанбетовалар ел есінде. Ауыл-село мәдениетін өркендету, әр үйде кітапхана болсын ұранын көтерген осы бастама.

Әрине, басылымның қиын сәттері де болды. Тоқсаныншы жылдың басында газеттің жабылу қаупі төнді. Қағаз тапшылығы қиындады. Сол кездегі облыс басшылары қиындықтан шығу жолын қарастырып, қағаз зауыттарына вагондап күріш жөнелту арқылы бұл мәселені батыл шешіп, басылымды қауіптен құтқарды. Журналистердің жалақы мәселесі де біртіндеп шешіле бастады.

Басылымда бір кездері әріпті қолмен теру, баспа қиындығы болды. Хрущевтің тұсында құлаш-құлаш баяндамалар телетайп арқылы келіп, кезекшілікті таң ата аяқтап, сүріне құлайтынбыз. Қазір айтсаң, бәрі аңыз сияқты.

Бұл күндері «Сыр бойы» аптасына үш рет, түрлі-түсті бояумен шығады. Әр бөлмеде компьютер, ең озық баспа машинасы. Шебер журналистер жылма-жыл көбеюде. Содан болар, басылымның сан алуан тақырыпты қозғауы оқырмандар легін көбейтіп, шынайы ықыласына бөленуде. Газет күн сайын таңсәріден қолымызға тиеді. Көз жүгіртткен сәтте тың тақырып, ұтымды ойлар үмітке жетелей түседі. Елдегі қызған еңбек, қала келбеті, жаңадан ашылғалы тұрған зауыттар, өндіріс ошақтары, білімге құлшыныс, тағы басқа тақырыптар ой қозғайды.

Бұл күндері басылымға келер жылға жазылу қызу жүріп жатыр. Астанада тұратын Сыр перзенті, зейнеткер Кеңес Махамбетов телефон шалып тұр: «Астанада біраз қызылордалықтар тұрады. Көбіміз «Сыр бойына» жылма-жыл жазыламыз. Биыл да осы дәстүрді жалғастырып жатырмыз». Міне, ықылас! Бұған қалай қуанбассың?!

Әр адам алдағы күнге үмітпен қарайды. Туған жер бәрімізге ыстық. Оның өсіп-өркендеуін, жылт еткен жаңалықты алдымен хабарлайтын басылым – бауыр басқан «Сыр бойына» келер жылға жазылуды ұмытпа, қапы қалма, оқырман! Бар тілек осы.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының білім басқармасы «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тәрбиеші аналардың 3 бірлік бос лауазымына орналасуға ашық конкурс жариялайды.

Мекеменің атауы: Қызылорда облысының «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: 120008 Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Т.Әубәкіров көшесі, № 102 «Б».

Лауазымдық міндеттері: Баланың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайлар және отбасылық жағдайларға жақындастырылған тұрмыстық жағдайлар жасайды, тәрбиеленушілердің күн тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста болып, балаларды тәрбиелеу мәселелерінде сынып жетекшілерімен, олардың даму ерекшеліктерін айқындау, диагноз қою және оқытудың, тәрбиелеудің, жұмысқа орналастырудың барабар жағдайларын айқындау мәселелерінде консультативтік көмек алу үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеспен өзара іс-қимыл жасайды.

Балалардың адамгершілік-рухани, интеллектуалдық қабілеттерінің дамуын, дене денсаулығын қамтамасыз етеді. Бес-алты жастағы балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілерді жалпы білім беретін мектепке анықтайды. Тәрбиеленушілердің уақытылы жалпы орта білім алуына ықпал етеді. Оқу орнына балалардың баруын, тәрбиеленушілердің күн тәртібін, үй тапсырмасын орындауын, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын, қосымша білім алуын, бос уақытын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Тәрбиеленушілердің өзіне-өзі қызмет етуін, жеке бас тазалығын сақтауын ұйымдастырады. Талдау жасайды, қажеттілікті анықтайды және арнайы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Санитарлық ережелер мен нормалардың, еңбек қауіпсіздігі мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-айыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, Бала құқықтары туралы конвенция, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және қараусыз қалуының алдын алу туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және басқа да білім берудің дамытудың бағыттары мен болашағын анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика және психология негіздерін, арнайы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттарын, экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалардың негіздерін, еңбек қорғау ережелері мен нормаларды, қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: Конкурсқа жасы 27-ге толған, жоғары, орта білімнен кейінгі немесе орта (техникалық және кәсіптік) білімі бар, некеде тұрмайтын және өзінің туған немесе асырап алған кәмелетке толмаған балалары жоқ, балалармен жұмыс істеу тәжірибесі кемінде 1 жыл Қазақстан Республикасының азаматшасы жіберіледі.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы», 2000 жылғы 13 желтоқсандағы №113 «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 14 тамыздағы №583 «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысушы азаматтар келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

1. конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда);
2. 3х4 үлгідегі суретпен кадрларды есепке алу бойынша жеке парақ;
3. нотариалды расталған білімі туралы құжаттың көшірмесі;
4. нотариалды расталған еңбек кітапшасының көшірмесі;
5. сотталмағандығы туралы анықтама;
6. денсаулық жағдайы, оның ішінде психикалық саулығы туралы, есірткіге (уытқұмарлыққа), алкогольге тәуелді еместігі туралы, өкпе туберкулезі жоқтығы туралы анықтама;
7. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
8. мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған түйіндеме;
9. еркін нысанда жазылған өмірбаян;
10. некеде жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан кепілдеме және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мерзімнен бастап 30 күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 102 «Б» мекен-жайында тапсырылуы тиіс.

Комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Комиссия және күнтізбелік үш күн ішінде конкурсқа қатысушылармен Қызылорда облысының білім басқармасы «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 102 «Б» мекен-жайында өткізеді.

Қосымша анықтама алу үшін: 70-02-33 телефонына хабарласа аласыздар.

Конкурсқа жіберілген үміткерлер Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тәртібіне сәйкес әңгімелесуден өтеді.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (20-18) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі ТМҚ алаңына кіреберіс автожолдар салу» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 4 мекенжайында және meruert.srazhadinova@tmgoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-95-40.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-ның СЕНІМ БІЛДІРГЕН ТҰЛҒАСЫ МЫНА КЕПІЛДЕГІ МҮЛІККЕ САУДА-САТТЫҚ ЖАРИЯЛАЙДЫ:

Лот №1 Жалпы алаңы 201,30 ш.м. тұрғын үй, 0,0792 га жер телімімен бірге орналасқан мекен-жайы: Қызылорда қ., Ұзақбай Караманов к-сі, 20 (бұрынғы Шымбай к-сі, 22).

Бастапқы баға – 20 258 000 теңге

Сауда-саттық әдісі – ашық.

Сауда-саттық 2020 жылдың 16 қарашасында сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізіледі: Қызылорда қ., Байсейітова к-сі, 91А. Бастапқы бағаның 3% мөлшеріндегі кепілді жарна төменде көрсетілген деректемелер бойынша сенім білдірілген тұлғасының шотына енгізілуі тиіс.

Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 2020 жылдың 15 қараша сағат 18.00-ге дейін Қызылорда қ., Байсейітова, к-сі 91А, 504-кабинет мекен-жайында қабылданады.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін түпкілікті баға ұсынған сауда-саттық қатысушысы банктің чек түріндегі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа қолма-қол ақшаның толық көлемінде сатып алу сомасын бес жұмыс күні ішінде есеп айырысу тәсілімен енгізуі қажет.

Сенім білдірілген тұлғаның деректемелері: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның сенім білдірілген тұлғасы Ким Руслан Мойсеевич, Қызылорда қ., Байсейітова к-сі, 91А, шот KZ596010001286000044, БСН 940140000385.

Сауда-саттық өткізу бойынша анықтаманы мына байланыс телефондары арқылы ала аласыздар: 55-05-14, 8 7012994096.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26523 | Тапсырыс №470 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**